

САРАПТАМА

АЛДА – ЖАҢА
САЯСИ МАУСЫМ

2

ПАРИЖ – 2024

ОЛҚЫЛЫҒЫ КӨП
ОЛИМПИАДА

Спорт саласы жемқорлардың жылы апанына айналмауы тиіс...

2

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

ЖАҢАҢДЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
СЕРПІЛІС

Қоғамдық құндылықтарды өзгертуге әлеуетті ме?

3

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАРСАҢЫНДА

БӘРІ СЕНҮШІН, СТУДЕНТ!

Мегаполисте заманауи үш жатақхана ашылды

Жаңа оқу жылы да таяп қалды. Соның қарсаңында өткен сенбіде Алматыда жеке инвестиция есебінен 980 орынды 3 заманауи жатақхана салтанатты түрде ашылды. Ашылу салтанатына ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков, қоғам белсенділері мен қала жастары қатысты.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Жатақханалар барлық талапқа толықтай сай. Мұнда тұрмысқа қажеттінің бәрі бар. Корпуса студенттерге арналған коворкинг аймағы, асхана және мәжіліс залы да қарастырылған.

Бұған дейін Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жатақхана мәселесі тікелей бақылауында екенін айтып, ару қалаға оқуға келген студенттердің жоғары білім алумен қатар, жайлы жатақханада тұруын қамтамасыз ету керектігін айтқан болатын.

Ашылу салтанатына қатысқан қала әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың құттықтау сөзін оқыды.

«Студенттер үйі – бұл Алматы картасындағы жай ғана жаңа нысан емес. Осын-

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҢАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №68-69 (6520) 27 тамыз, сейсенбі, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ – 800

ЖОШЫ ХАН және ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Қай кезде де ел тарихы туралы ойланып, тебіреніп, назарымызды өткен жолымызға қарай бұрсак, ойымызға ең алдымен, бірнеше мыңжылдықтар бойы ел аумағында үздіксіз және сабақтастық принциптер бойынша тоқтаусыз жүрген тарихи үдерістер, ондаған жылдардан бірнеше ғасырға дейін өмір сүріп, ұмытылмастай терең із қалдырған үлкенді-кішілі мемлекеттер, аса маңызды, әрі ауқымды ірі оқиғалар, маңызы зор шайқастар, өркениет ошағы мен мәдениеттердің белгісі болған көне қалалар мен қоныс-тұрақтар, құпиялары әлі ашыла қоймаған қорғандар мен обалар, ерекше сәулетті кесенелер мен мазарлар және де ең маңыздылардың алдыңғы қатарынан орын алатын, артында өшпестей із қалдырған, аса көрнекті, ұлы тарихи тұлғалар түседі.

• Тіпті, кейде тарихтың өзі ірі тарихи тұлғалардың өмірі мен іс-әрекеттерінен тұратын сияқты боп көрінеді. Үстіміздегі 2024 жыл – Жошы ұлысының 800 жылдық тарихи датасымен сәйкес келуін және бұл датаның елімізде аталып өтіп жатқанын ескере отыра, газет оқырмандарын Жошы ханның өмірімен, ол негізін қалаған Жошы ұлысының Қазақ Елінің тарихымен байланыстығын сөз етуді жөн көрдік.

7

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

27.08.2024

Түнде: +15+17 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +26+28 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

28.08.2024

Түнде: +16+28 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +28+30 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр

Желдің жылдамдығы: 3-8, найзағай кезінде екпіні 13м/с

www.almaty-akshamy.kz

9 772223 237006

дай жағдайда тұратын әрбір студент өзін үйіндегідей сезініп, жаңа ортаға оңай бейімделіп, сапалы білім алып, қаланың дамуына үлес қоса алады. Айта кетерлігі, бұл жатақханалар жеке қаражат есебінен салынды, бұл өз әлеуеті өзіне жететін мегаполис үшін жақсы тәжірибе», – дейді мегаполис басшысы құттықтау сөзінде.

Сондай-ақ, Азамат Қалдыбеков Алматы әкімдігі отандық және шетелдік студенттердің жайлы жағдайда өмір сүруі үшін студенттік жатақханалар құрылысын жалғастыруды көздеп отырғанын айтты.

Биыл 5025 орынды 10 нысанды, ал 2025-2026 жылдары 34 мыңнан астам орынды жа-

тақханаларды пайдалануға беру жоспарланған.

Естеріңізге сала кетейік, жатақхана құрылысын тиімді үйлестіру үшін студенттік жатақханалар салу жөніндегі жобалық кеңсе жұмыс істеп тұр. Жобалық кеңсенің негізгі міндеті – Алматы қаласының аумағында жатақханалар салу және студенттерді тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау. Жобалық кеңсе ашылғалы бері 120 әлеуетті инвестор жүгінді, оның 67-сі қазір жұмысқа кіріскен, бұл қолдау көрсету тетігінің тартымдылығын көрсетеді.

Суретті түсірген Самат Құсайынов.



АЛДА – ЖАҢА САЯСИ МАУСЫМ

Президент Жолдауы: Үкімет былтырғы тапсырмаларды қаншалықты орындады?

Таяуда жаңа саяси маусым басталады. Қазір сарапшылар мен қоғамдық-саяси салаға белсене араласатын елдің азаматтары Президенттің халыққа дәстүрлі Жолдауын күтіп отыр. Себебі, Мемлекет басшысы халыққа Жолдауы арқылы жаңа саяси маусымды ашып береді. Көпшілікті Президент Жолдауда не айтатыны туралы сұрақ мазалайды. Алайда, біз өткенге көз жүгіртіп, былтырғы Президент Жолдауында тұжырымдалған тапсырмалар орындалды ма деген сұраққа жауап іздеп көрейік...



(Дереккөз: aptamedia.kz).

Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан»-ның экономикалық бағдары» атты халыққа Жолдауын жариялады.

Жолдаудың мынадай концептуалды ерекшелігі бар:

Біріншіден, жоғарыда атап өткеніміздей, бұл құжат Президенттің сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру құралына айналды. Демек, былтырғы Жолдау 2029 жылға дейінгі атқарылуы тиіс мақсат пен міндеттердің жиынтығы. Алдымыздағы және одан кейінгі Жолдаулар олардың орындалу барысына тоқталып, жаңа сын-қатерлерге бейімделуді көздейді.

Екіншіден, ұзақмерзімді стратегиялық жоспарлаудан бас тартылды. Себебі, әлем жылдам өзгеруде. Сын-қатерлер де жиі өзгереді. Сондықтан орта мерзімге жоспарлау тиімді.

Үшіншіден, Жолдауда басты бағыт – әлеуметтік-экономикалық саланы реформа-

лау. Президент жаңа экономикалық модельді ұсынды. Әділдік, инклюзивтік және үнемшілдік оның өзегі ретінде таңдалды.

Былтырғы Жолдауда Президент Үкіметке 2029 жылға дейін ЖІӨ-і екі есе арттыруды тапсырды. Осы мақсатқа жету үшін бірнеше міндет жүктеді. Олардың басым көпшілігі 2026 жылға дейін орындалуы тиіс. Ал аса күрделі міндеттерді жүзеге асыру үшін нақты мерзім бекітілді. Біз бір жыл ішінде орындалған тапсырмалардың кейбіріне тоқталайық.

1. 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары. 2024 жылы 30 шілдеде Президент осы маңызды құжатқа қол қойды. Былтырғы Жолдауда мұндай құжатты қабылдау туралы тікелей тапсырма берілген жоқ. Алайда, оның болғаны заңды. Себебі, Үкімет алға қойылған мақсатты жүзеге асыру жолын нақтылап алуы тиіс.

Жоспарда Президенттің берген тапсырмаларын жүзеге асыру жолдары мен күті-

летін нәтижелер нақты бекітілген. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібін, көлік-логистика кешені, агроөнеркәсіптік кешен, туризм, сонымен қатар инновациялар, цифрлық және креативті экономиканы дамыту жолдары қамтылған.

2. Жаңа министрліктер құрылды. Президенттің тапсырмасымен Су ресурстары және ирригация, Көлік министрліктері құрылды. Екі сала да қаншалықты маңызды екенін көрдік. Биылғы көктемдегі қарғын су халыққа біршама залал келтірді. Былтырғы қуаңшылық та шаруаларға зардап әкелді. Осыған орай Президент Ұлттық гидрология қызметін қайта құруды ұсынған болатын.

Биыл, 23 сәуірде, Үкіметтің қаулысымен «Қазгидрогеология» ұлттық гидрогеологиялық қызметі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы құрылды. Оның мақсаты – жерасты су ресурстарын басқаруды цифрландыру, гидрогеология және геосүзілу модельдері саласындағы дерекқорларды және тұрақты жұмыс істейтін геоаппараттық жүйелерді, цифрлық, картографиялық дерекқорларды және Жерді қашықтықтан зондау деректерін қолдана отырып, оларды басқару жүйелерін құру.

3. Энергетикалық қауіпсіздік. Президент Жолдауда атом электр станциясын салу мәселесін жалпыхалықтық референдумда шешуді тапсырды. Себебі, бұл өзекті мәселе. Осыған орай, Үкімет өңірлерде қоғамдық тыңдаулар өткізді. Енді күзде референдум өтпек.

4. Қорғаныс саласы. Жолдауда еліміздің қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамытуды тапсырған болатын. Осыған орай, 2023 жылы 15 желтоқсанда «Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді дамыту қоры» акционерлік қоғамы құрылды. Оның мақсаты отандық ғылыми-техникалық әзірлемелерді қаржылық қолдау және қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарын жаңғырту.

Бұдан бөлек, Жолдаудағы тапсырмаларды орындау мақсатында мынадай заңдар қабылданды:

- «Мемлекеттік сатып алу туралы»;
- «Ғылым және технологиялық саясат туралы» және т.б.



Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.

Әлбетте, қазір жаз ортасында жабыла талқылаған Олимпиада тақырыбының «қызуы» қайтқан шақ. Көптің көңілінен ұмытыла да бастады. Тәуелсіздіктен бері атаулы халықаралық бәсекеде еліміз ұдайы Орта Азияның көшін бастап жүрген. Көк Туымызды әлденеше рет көкке көтеріп, қоржынымызда кемінде бірер алтын салып қайтуға үйрене бастаған едік. Алайда, соңғы екі реткі Олимпиада ойындарында бұл «жорғамыздан» әбден жаңылдық. Токиода текке кеткен меселді Парижде қайтарармыз деген үміт түгел ақталды деуге келмес. Нәтиже көрсеткен спортшыларымыз көп болғанмен, жалғыз алтын бағанадағы орнымызды жоғары сүйрей алмады.

ОЛҚЫЛЫҒЫ КӨП ОЛИМПИАДА

Спорт саласы жемқорлардың жылы апанына айналмауы тиіс...

(шамамен 122 448,51 млн теңге). Оның ішінде арнайы «Олимпиада ойындарына дайындық және қатысу шығындары» – 58 271,7 млн сум деп көрсетілген. Бұл шамамен, 2 223,7 млн теңге немесе 4 млн 604 мың АҚШ доллары көлеміндегі қаржы. Осыған ұқсас «Паралимпиадалық ойындарға дайындық және қатысу шығыны»: 12 431,5 млн сум, шамамен 474,43 млн теңге көлеміндегі қаржы жұмсаған.

2023 жыл. Осы жылдан бастап Олимпиада ойындарына дайындау жұмыстары Жастар саясаты және спорт министрлігінің бюджеті есебінен бөлінген. Аталған министрліктің «Олимпиада ойындарына нәтижелі дайындық үшін» деп атап бөлген қаржысы 216 000,0 млн сумды, яғни 8 243,38 млн теңгені құрайды. 2023 жылғы Олимпиада және Паралимпиада ойындарына аталған қаржысы 2022 жылмен салыстырғанда, әлдеқайда көбірек. Дегенмен, бұл бюджеттік қаржылар біздегі бір ғана Астанадағы Олимпиадаға дайындау орталығының қаржысына шамалас келеді.

2024 жыл. Бұл жылы да Олимпиада ойындарына дайындау және қатысу қызметін Жастар ісі және спорт министрлігі өз мойнына жүктеген. «Олимпиада және Паралимпиада ойындарына нәтижелі дайындық үшін» деген атпен бөлінген мемлекеттік бюджеттері жеке-жеке 250 000,0 млн сум және 41 000,0 млн сум. Бұл дегеніміз, жалпы көлемі 727 млн 500 мың теңге шамасындағы қаржы саналады.

Спортқа бөлінген ел қаржысы өтелді ме?

Егер салыстыру үшін айтар болсақ, Париж Олимпиадасының алдында ғана Ұлттық құраманың дайындығы мен оның Олимпиада ойындарына қатысуына шамамен 980 миллион теңге жұмсалғаны мәлім болған еді. Бұл тек ұлттық құраманың дайындығы мен халықаралық бәсекеге қатысуына байланысты шығындарға жұмсалғанын ескеру керек.

Мемлекеттен бөлінген бюджет бойынша екі елді салыстырудың өзі артық. Себебі, елімізде спорт саласы мемлекет жағынан көбірек қаржылық қолдау тауып отырған сала екені көпке мәлім.

Егер бір ғана 2023 жылдың өзін сөз етсек, сол жылы «Күнтізбелік спорттық іс-шараларға қатысу үшін халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлауға, сондай-ақ Қазақстан құрама командасына үміткер спортшылар резервіне»

мемлекет тарапынан 34 134 168 000 теңге бөлінді. 2023 жылы одан бөлек күрес түрлеріне аталған 1,8 млрд теңгеден, «Спорттық медицина және оңалту орталығы» МКҚК қызметіне 1 792 749 000 теңге қарастырғаны тағы бар.

Олимпиада ойындарына дайындаумен қоса өзге де спорттық бәсекелерге бағытталған мемлекеттік тапсырыс бізде Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына тиесілі. Спортқа бөлінетін мемлекеттік бюджеттің басым бөлігін игеруші де осы мекеме саналады.

• «Жазғы олимпиадалық спорт түрлеріне олимпиадалық резервтерді дайындауға» арналған екі тендерді елдің ірі мегаполистері жеңіп алды. Оның ішінде Астана Олимпиадалық даярлау орталығы 5 100 591 000 теңгені, Алматыдағы осыған ұқсас мекеме 1 802 486 000 теңге көлеміндегі тендерге ие болған. Осы арада айта кетелік, Астанадағы орталықтан 4 есеге жуық аз қаржы игерсе де, Алматыдағы Олимпиадалық дайындау орталығының Париж Олимпиадасындағы нәтижесі әлдеқайда жақсы болды. Яғни Алматы ел қоржынына ең көп медаль әкелген болатын.

Қаржыларды зорайтып көрсету үшін бірнеше жылдың қаражатын жинақтап көрсетудің өзі де артық. Байқағанымыздай, көршілес Өзбекстанда Олимпиадаға дайындау және қатысу бойынша мемлекеттік қаржы тұрақты бір мекемеге ғана бөлінеді және сонда игеріледі. Біздегідей қаржы мен жауапкершілік бірнеше мемлекеттік мекемелер арасында шашырап кетпейді. Осыдан шығатын қорытынды, әділетті қоғам құру сынды мақсат-мұратты ту еткен елдің спорт саласы жемқорлардың жылы апанына айналмауы тиіс. Бұл – ұлт абыройына сын. Мұны қадағалау – мемлекеттің де, қоғамның да басты назарында болуға тиіс.

Естай БОЖАН, сарапшы.





ТЕХНОЛОГИЯ

Жасанды интеллект:

ЖАҢАҢДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СЕРПІЛІС

ҚОҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ӨЗГЕРТУГЕ ӘЛЕУЕТТІ МЕ?

Ежелден адамзат баласы болашақты түрлі футуристік түсініктер аясында болжап, «армандағы болашақты» қалыптастыруға тырысып бағып келді. Екі жыл бұрын OpenAI компаниясының ұсынған жасанды жадыға негізделген ChatGPT чатботының қолданысқа енуінен кейін, қоғамда жасанды интеллектіге негізделген қызмет түрлері кеңінен қанат жайды.

Ауқымды ақпараттар легі негізінде жұмыс жасайтын аталмыш технологияларында да, адамзаттың сан ғасырлық ақыл-ой жұмысының нәтижесі екендігі айқын. Сондықтан да жасанды интеллект тақырыбы бүгінгі таңда қоғамның барлық саласында қызу талқылануда.

Тарих дәлелдегендей, кейде қоғам болып қандай да бір идеяны, технологияны жаппай талқылағанда бұра тартып, тым асыра бағалап жіберетініміз бар. Бұл жолы да жасанды интеллект технологияларының әлеуеті жайлы қоғамда ақиқаты мен аңызы араласқан пікір қалыптасып отыр. Мақаламызда жасанды интеллект құралдарының бүгінгі әлеуеті мен мүмкіндігі әрі шегі туралы талқылап көрелік.

• Өзбекстанда жаңалықтар жаршысы болып, алғаш жасанды интеллект арқылы жасалған журналист жұмысқа кірісті. Есімін Собира Холдарова деп атады. Собира Холдарованың алдағы уақыттағы журналист ретіндегі кәсіби қызмет жолының қалай өрбуін білмейміз, десе де, болашақта технологиялық секіріс барысында қалыптасқан журналист Собира Холдарова деген болған деп есімізге алатынымыз сөзсіз.



(Дереккөз: www.midjourney.com)

қажет. Соңғы екі жылда жасанды интеллект құралдары есебінен ірі және орта кәсіпорындарда еңбек тиімділігі бірнеше есе артты. Көлік құрастыру, ақпараттар легін бақылау, аймақты күзету сынды ой еңбегін қажет етпейтін салаларда түрлі роботтар мен алдын ала оқытылған тақырып аясында диалог қалыптастыратын чатботтар форматында тиімді жұмыс жасауда.

Кен байтақ елімізде жасанды интеллект құралдарының жол ережесін бақылауда, табиғи қорықтар мен арнайы аймақтар қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әлеуеті өте жоғары, әрі қазірдің өзінде қолданылып жатыр. Мекемелерге кіргенде адамның бейнесі арқылы есіктердің ашылып, faceid технологиялары арқылы елімізде қоғамдық көлік қызмет ақысын төлеу де жасанды интеллект құралдарының арқасы.

Десе де, соңғы жылдары қоғам шынайылыққа мұқтаж болып отыр.

Бизнес саласында консалтингтік қызмет көрсететін McKinsey компаниясының дерегіне, бүгінде тұтас бизнес саласы мен тұтынушылар тарапы «жасандылықтан шаршады». Аталмыш компания зерттеуі нәтижесінде, 2024 жылы ең сұранысты болатын қабілеттердің бірі «шынайылық» (authenticity). Жарнама агенттіктері болсын, банк порталдарындағы жасанды интеллект арқылы жұмыс жасайтын арнайы чатбот болсын, тұтынушылар үшін бүгінде басты құндылық шынайылық пен табиғилық болып отыр.

Оқушылардың жастайынан цифрлы түрде сауатты болуы – уақыт талабы

Өткен апта еліміз бойынша ұстаздардың «Тамыз саммиті» болып өтті. Саммитте талқыланған басты тақырыптардың бірі – білім беру саласын цифрландыру, жасанды интеллект технологияларын пән мүддесіне қызмет еткізу болды. Бірақ ешкім саммитте ұстаздың орнын жасанды жады басады деп айтпады. Себебі де айқын.

Біріншіден, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, жасанды интеллект құралдары білім беру саласында тиімділігі жоғары «ассистент» қызметін өте жақсы атқарады. Күрделі тақырыптарды видео, бейнелік материалдар арқылы кез келген оқушы деңгейінде ақпаратты өңдеп ұсына алады. Сондықтан жасанды интеллект арқылы шәкіртті оқытпаймыз, керісінше ұстазға қосымша көмекші құрал ретінде пайдалансақ, ұтпақпыз.

Екіншіден, оқушы үшін басты құндылық – жас кезінен бастап шығармашылық, креативтілік қабілеттерін шыңдай түсу. Бұл тұрғыда оқушыны тұлға ретінде, еркін ойлы азамат етіп тәрбиелеу үшін жасанды жады қызметін шығармашылық тапсырмаларға емес, керісінше күрделі ақпараттарды баламалы жолмен түсіндіруде көмекші құрал ретінде қолданудың әлеуеті жоғары.

Осы мақсатта елімізде 2026 жылдан бастап арнайы пән енгізілетін болады. Біздіңше, бұл уақытылы қабылданған дұрыс шешім. Себебі, табиғи үрдіс негізінде еңбек нарығындағы жасанды интеллект құралдарының әлеуеті мен шегі қазірдің өзінде белгілі. Бұл тұрғыда оқушылардың жастайынан цифрлы түрде сауатты болуы – уақыт талабы.

Біз білетін бес ақиқат

Жасанды интеллект технологиялары жаппай қолданысқа енген екі жыл көлемінде келесі бес ақиқат анықталып отыр:

Біріншіден, жасанды интеллект ақиқатында толықтай интеллекті (саналы) деген ұғымнан алыс. Ақпаратқа анализ жасауда, сұраққа жауап жазуда белгілі бір шектеулермен шектеліп, табиғи интеллектімен салыстыруға келмейді.

Екіншіден, жасанды интеллект адамның күнделікті қайталанатын жұмыстарын тартып алғанымен, шығармашылық қабілетін ала алмайды. Бұл да ақиқат, себебі адамзаттың мыңдаған жылдар бойына жалғасып келе жатқан құндылықтары мен ойлау жүйесінің басты қозғаушы күші де шығармашыл ойлау еді.

Үшіншіден, жасанды интеллект тек видео мен фото жасауды ғана білмейді. Сонымен қатар, музыкалық нота, сауда биржаларында анализ жасап, тіпті ауру түрлерін қарсы ем қабылдауда ауқымды даталарды талдап, дәрі жасап шығаруда да қолданысқа еніп отыр.

Төртіншіден, жасанды интеллект адамның қосымша көмегісіз бейтарап жұмыс жасай алмайды. Қай кезде де адамның іс-әрекеті мен бақылауы жасанды интеллектінің «өмір сүруі» үшін басты қағида болып отыр.

Бесіншіден, жасанды интеллект ұғымын 2022 жылғы OpenAI компаниясы өнімімен шектеуіміз бұрыс. Себебі, өткен ғасырдың 60 жылдары да Элиза, Дэвид Коуп сынды ақпараттарды анализ жасап, музыкалық ноталар легін қалыптастыратын бағдарламалардың негізі қаланған болатын.

• Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – жасанды интеллект құралдары бұл жаһандық үрдіс, адамзатқа ортақ қазына. Бұл қазынадан қай ұлттың қандай үлес алуы жастарымыздың білімі мен білігіне тікелей байланысты.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



(Дереккөз: dalanews)



Өңірлік ынтымақтастық

Алматы, Ақмола және Алматы облыстары

туризм саласын дамытуға бірлесіп күш салады

Мемлекет басшысының Алматы өңірінде және Шучье-Бурабай курорттық аймағында туристік нысандарды дамыту туралы тапсырмасын іске асыру үшін Алматыда туризм саласындағы өңіраралық ынтымақтастық мәселесі бойынша кеңес өтті. Іс-шараға Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, Алматы облысы әкімінің орынбасары Рустам Исатаев, сондай-ақ туризм басқармаларының басшылары қатысты.



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев атап өткендей, шаһардың экономикалық дамуы оның туристік тартымдылығының өсуімен тығыз байланысты. 2023 жылы Алматы ШЫҰ-ның мәдени және туристік астанасы болып танылды, бұл туристер санының 2022 жылмен салыстырғанда, 12,6% көбеюіне әсер етті.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Алматыға 2 млн-нан астам адам келді, шетелдік туристер саны 29,5%-ға өсті, бұл қаланың туристік бағыт ретіндегі жаһандық тартымдылығын растайды. Туризмді дамыту инфрақұрылымға салынған инвестиция арқылы жүзеге асады (биылғы 7 айда 54,6 млрд теңге). Туризм саласынан түсетін салық түсімдері 32,4%-ға өсіп, жарты жылда 40,6 млрд теңгеге жетті.

Алматыда жыл сайын әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларды, келу мақсаты

мен қалада болу ұзақтығын қосқанда, мақсатты аудиторияны жақсы түсінуге көмектесетін «Туристің портреті» зерттеуі жүргізіледі. Шетелдік турист – көбінесе жалғыз саяхаттайтын 26–35 жастағы ер адам (40%). Келудегі негізгі мақсаты – мәдени іс-шараларға (48%) және экотуризмге (44%), уақыт өткізу (68%). Тұрудың орташа ұзақтығы 5 күн, орташа чек тәулігіне 334 доллар (160 320 теңге), бұл ішкі туристің орташа чегінен 8,7 есеге көп.

MasterCard-пен серіктестік негізгі үрдістерді бақылауға және туристік әлеуетті дамытуға мүмкіндік береді. Платформаның мәліметінше, Алматыда бірқатар көрсеткіш жақсарған. Туристердің қанағаттану индексі (GTRI) 2024 жылдың қаңтарынан шілдесіне дейін 6%-ға өсіп, 71% болды. Шетелдік ту-

ристер климат (89%), туристік өнімдер (79%) және қонақүйлер (52%) туралы жағымды пікір айтады. Туристің жеке сапарларына орташа шығыстары тәулігіне 165,4 доллар (79,4 мың теңге), бизнес-турист 425 доллар (204 мың теңге) жұмсайды, бұл Алматыда МІСЕ-туризмді дамытудың маңыздылығын көрсетеді.

Шучье-Бурабай курорттық аймағы, Зеренді курорттық аймағы, «Бурабай», «Көкшетау», «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық саябақтары және Қорғалжын қорығы сияқты бірегей табиғи нысандар орналасқан Ақмола облысы да туризмді дамытуға кіріскен.

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановтың айтуынша, өңірде емдеу-сауықтыру, рекреациялық, экологиялық және аграрлық туризм орталықтары белсенді дамып

келеді. 2023 жылдың және осы жылдың бірінші жартыжылдығының нәтижесі оң сипатқа ие: өңірге жалпы туристік ағын 6%-ға өсіп, 1,3 млн. келушіге, оның ішінде 18,2 мың шетелдік туристке жетті, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 114%-ға көп. Көрсетілген туристік қызмет көлемі 23%-ға өсті, ал соңғы үш жылда туризм саласына салынған инвестиция екі есеге артып, 2023 жылы 27,8 млрд теңгеге жетті. Өңірде инвестиция тарту және қолайлы инвестициялық ахуал жасау бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп келеді, бұл Ақмола облысының туристік әлеуетінің тұрақты өсуі мен дамуын қамтамасыз етеді.

Алматы облысы әкімінің орынбасары Рустам Исатаев өңірде Қазақстанның туристік картасына енгізілген 33 аумақтың 9-ы шоғырланғанын атап өтті. «Бізде «Көлсай көлдері», «Шарын» және «Іле-Алатау» мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтары сияқты бірегей табиғи нысандар бар. Туристер үшін инфрақұрылымды дамыту бойынша белсенді жұмыс істеп жатырмыз. Жаңа орналастыру нысандарын құрып жатырмыз. Биыл алғашқы 6 айда Алматы облысында шетелдік қонақтар саны 73 мыңнан асты, бұл өткен жылмен салыстырғанда, екі есеге көп», – деді Рустам Исатаев.

Өткізілген маркетингтік зерттеулерді ескере отырып, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев кеңеске қатысушыларға шетелдердің тәжірибесін пайдалана отырып, отбасылық және балалар пакеті бар бірегей туристік өнімдерді дамытуды ұсынды. Әуе компаниялармен, қонақүй желісімен және жеңілдетілген қаржыландырумен бірлескен жобалар бойынша бастамалар да қолдау тапты. Кеңес қорытындысы бойынша тараптар бірыңғай туристік өнімдер құруды, халықаралық нарықтағы орнын нығайтуды, семинар өткізуді және өңірлерді дамыту үшін халықаралық көрмелерге қатысуды көздейтін серіктестік туралы меморандумға қол қойды.

МЕДИАЦИЯ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАЗҒЫ МЕКТЕП

Орталық Азия медиаторларының басын қосты

Алматы қаласында Халықаралық жазғы медиация мектебі өтіп жатыр. Биылғы іс-шара өзіміздің отандық және Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркиядан келген кәсіби медиаторларды, осы елдерден, сондай-ақ Грузия, АҚШ, Германиядан шақырылған сарапшылардың басын қосуда.

Іс-шараның негізгі мақсаты – медиаторлардың біліктілігін арттыру, халықаралық деңгейде тәжірибе алмасу, осы саладағы кәсіби халықаралық байланыстарды нығайту және дамыту. Жазғы мектепті Орталық Азия медиаторлар консорциумы мен қазақстандық «Халықаралық құқық қорғау орталығы» бірлесіп ұйымдастырды.

«Бағдарламаның бірінші күні қызыққа толы болды. Әлемнің түрлі елінен жиналған кәсіби медиаторлар мен сарапшылар эмоция психологиясымен, коучинг әдістерімен, сондай-ақ медиация институтын қолданудың заманауи тенденцияларымен танысуға мүмкіндік алды. Былтыр алғашқы Жазғы мектепті Қырғызстандағы Ыстықкөлде өткіздік. Одан кейін бізге Түркия мен Әзербайжан елдері қосылды. Биыл ару Алматыда «Қазақстан» ишпажайында өткізіп отырмыз. Біздің мақсатымыз – түркітілдес елдер



мен Орталық Азиядағы медиаторлар арасында білім алу және тәжірибе алмасу. Әрі қарай да ынтымақтастықты дамытуды жоспарлап отырмыз», – деді Халықаралық құқық қорғау орталығы РҚБ президенті Жәнділ Жақыпов.

Іс-шара шеңберінде оқыту тренингтері, практикалық семинарларды, сондай-ақ Қазақстанның табиғи жерлеріне экскурсияны қамтитын кешенді бағдарлама көзделген.

«Менің басты міндетім – адамдардың қарым-қатынас арқылы келісімге келуіне көмектесу. Мен медиаторлар жаппай неме-



се топтық қақтығыстарды шеше алуы, топ ішіндегі қақтығыстарды қалай шешуге болатыны туралы тренинг өткізуге келдім», – дейді Германия елінен келген халықаралық жаттықтырушы Юлия Жижулина-фал.

Оқыту және тәжірибе алмасу медиация техникасы, медиацияны құқықтық реттеу ерекшеліктері, трансшекаралық даулар мен жанжалдарды шешу, оның ішінде медиация жөніндегі Сингапур конвенциясын қолдану арқылы өтеді. Бұл, әсіресе, қазіргідей уақытта өте маңызды.

Медиация институты елімізде жанжалдарды шешудің сотқа балама тәсілі ретінде 2011 жылы «Медиация туралы» Заң қабылданған сәттен бастап дами бастады. Бүгінгі күні біздің елімізде 16 медиатор ұйымы ресми тіркелінген. 1997 жылы құрылған «Халықаралық құқық қорғау орталығы» РҚБ жанынан 2012 жылы медиация орталығы құрылды. Оның медиаторлары былтыр 4000 медиация жүргізді және жалпы қаражаты 9 миллиард теңгеден асатын дауларды реттеді.

Бетті әзірлеген Ернұр РЫСБАЙ.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ТАРИФ

ӨТЕМАҚЫ
ТӨЛЕУ
ЖАЛҒАСАДЫ

Алматы әкімдігі коммуналдық қызмет тарифінің қымбаттауына байланысты халықтың әлеуметтік осал санатына өтемақы төлеуді жалғастырады. Бұл туралы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов айтты.

«Коммуналдық инфрақұрылымның ескіруіне байланысты тарифті көтерудің қажеттілігі бар екенін түсінеміз, бірақ Алматы әкімдігі үшін халықтың әлеуметтік осал санаттарын қолдау әрқашан басты назарда», – деді Бауыржан Жаубасов ОКҚ брифингінде.

Басқарма басшысы 2023 жылдың шілдесінен бастап қала әкімінің бастамасымен азаматтардың 9 осал санаты үшін өтемақы төлемі есебінен ТКШ қызметінің қымбаттауының салдарын теңестіруге бағытталған жобаның қолға алынғанын атады.

Бір жыл ішінде 0,8 АЕК мөлшерінде ай сайынғы әлеуметтік төлемді 5,7 млрд теңге сомасына 140 мыңнан астам ХӨТ алды.

«Алдағы уақытта коммуналдық қызмет бағасының өсуіне байланысты Алматы қаласы әкімінің тапсырмасымен ХӨТ 9 санатына жататын коммуналдық қызмет бағасының өсуіне байланысты әлеуметтік көмек төлеу жалғасады», – деді Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы.

Алматы мәслихаты шешімінің тиісті жобасы қарастырылып жатыр, биыл қыркүйекте бекітуге енгізіледі. Бұл ереже 2025 жылдың 1 сәуіріне дейін қолданылады.

Қазіргі таңда Алматыда осы санаттағы 332 885 адам тұрады. Әлеуметтік төлемді алу үшін аталған санатқа тұрақты тіркелуі және Алматыда тұрғылықты тіркеуі болуы, қала әкімдіктерінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне өтініш беруі және сәйкестендіру үшін жеке куәлік ұсынуы қажет.

Көмектің бұл түрін рәсімдегендерге өтініш берудің қажеті жоқ.

Ернұр ЕРЛАНҰЛЫ.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЕСКІ ҚҰБЫР ЖАҢАРТЫЛДЫ

Алматыда 33 жыл бойы пайдаланылған құбыр ауыстырылды

2024 жылы тамыздың басында Алматының Әуезов ауданында Абай даңғылымен Саин көшесінен батыс бағытта 1991 жылдан бері пайдаланылып келе жатқан құбыр ауыстырылды. Жаңарған аумақтың ұзындығы 1838 метр.



Ернұр
РЫСБАЙ

Бұл құбыр 406 көпжәгерлі тұрғын үйді, 105 жеке тұрғын үйді, 4 балабақшаны, 1 денсаулық сақтау нысанын және 6 өзге де нысанды жылумен және ыстық сумен қамтамасыз етеді. Реконструкция кезінде көрсетілген аумақтағы тұтынушыларға ыстық су беру тоқтатылған жоқ.

Барлық жұмыс мерзімінде аяқталды, аталған учаскедегі автокөлік қозғалысы қалпына келтірілді.

Жалпы, қалада биыл 20 км жылу желілерін қайта жаңарту жоспарланып отыр. Алматының 6 ауданында жылуаралық кезеңге жоспарланған қайта жаңарту бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі. Оның негізгі бөлігі аяқталып келеді.



Кәріз коллекторы салынады

Алатау және Наурызбай аудандарының тұрғындарын орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету үшін ұзындығы 34 км батыс коллекторы салынады. Бұл туралы қалалық энергетика және сумен жабдықтау басқармасы хабарлады.

8 шағынауданда коллектордың болмауына байланысты 2017–2023 жылдары салын-

ған 122,3 км кәріз желілері істен шыққан. Бұл мәселені шешу үшін батыс коллекторының құрылысы бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу басталды, ол Алматының Наурызбай және Алатау аудандарының 130 мың тұрғынына, сондай-ақ Алматы облысының Қарасай ауданының 20 мың тұрғынына орталықтандырылған кәріз жүйесіне қосылуға мүмкіндік береді. Құрылыс-монтаж жұмыстары 2024 жылдың қарашасында басталып, 2026 жылдың қарашасында аяқталады.

МОБИЛЬДІК БАСҚАРМАСЫ

Біржақты қозғалыс енгізіледі

Алматыда көлік ағынының өткізу қабілетін арттыру және шиеленіс нүктелерін болдырмау мақсатында Прокофьев көшесінің бір бөлігіне біржақты қозғалыс енгізіледі.

Қалалық мобильділік басқармасының хабарлауынша, 23 тамыздан бастап жол қозғалысы сызбасына эксперименталды түрде өзгеріс енгізіліп, Қарасай батыр көшесінен Есенжанов көшесіне дейінгі бөлікте оңтүстік бағытта біржақты қозғалыс ұйымдастырылады. Аталған учаскеде тиісті жол белгілері орнатылады.

Айта кететін нәрсе, өзгеріс осы аудан тұрғындарының өтініші негізінде және Әкімшілік полиция басқармасымен келісімі бойынша енгізілмек.

«МЕКТЕПKE ЖОЛ»



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК.

БАЛАЛАРҒА –
МЕКТЕП ФОРМАСЫ

Наурызбай ауданындағы №206 мектеп-гимназиясында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өтті. Алматы қаласы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының Ақсақалдар кеңесінің ұйымдастырумен Наурызбай ауданында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды.



Досбол
АТАЖАН

Акция аясында 25 балаға мектеп қажеттіліктері берілді. Жалпы, қайырымдылық іс-шарасы кезінде 1000 мектеп комплектісін тарту жоспарланған.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің дамуына өз үлесін қосуға атсалысып жатыр. Еліміздің Солтүстік өңірлерін су басқан кезде де біз алғашқылардың бірі болып гуманитарлық көмек жинап, қолұшын созуға тырыстық. Енді көмек қажет болған балаларға мектеп формасы мен өзге де құрал-жабдықтарды тартып жатырмыз. Балалар – біздің болашағымыз, еліміздің тірегі, – деді ҚХА мүшесі Абдулхалил Долкунтай.

Айта кеткен жөн, «Мектепке жол» – бұл Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері жыл сайын өткізетін акция. Қайырымдылық іс-шара 15 жылдан бері жүргізіліп келеді. Ол жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде аз қамтылған отбасылардың балаларына де-мешілік көмек көрсетуге бағытталған.

АБАТТАНДЫРУ

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

Алматының Бәрібаев көшесіндегі балалар алаңы қалай жаңарды?

Бәрібаев көшесіндегі жаңа балалар алаңы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жаңарып сала берді.



Айнабай
МӘДИ

Мұның өзі қала басшылығының қауіпсіздік пен жайлылықты басты қаперге алғандығының нәтижесі. Соның бір мысалы – Бәрібаев көшесіндегі балалар алаңының кереметтей жаңаруы. Медеу ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасымен ауланы абаттандыру жұмыстары аяқталды. Бұл жоба Бәрібаев көшесі, 17-үйі мен Гоголь көшесі, 13-үйі мекенжайында жүзеге асып, тұрғындардың аумақты жақсартуына үлгі болғандай.

Тұрғындардың негізгі сұранысы да ауланы көгалдандыруға қатысты болатын. Жаңа алаңға ағаш, бұталар отырғызылып, гүлбақ жасалып, шағын сәулет нысандары орнатылды. Сол сияқты, мұнда орындықтар мен қос жәшіктері жаңартылды. Қауіпсіздікке ерекше назар аударылып, алаңның жаңа жабыны балаларды жарақаттан қорғайтындай етіп жасалды. Сондай-ақ, футбол алаңы да жаңа жасанды жабынмен жабылды.

Бұл жұмыс мамыр айында басталып, шілдеде бітті. Аталған алаң бүгінде тұрғындардың таңғы жаттығуы мен отбасылық де-

малысына берілді. Айта кетерлігі, осы жобаның авторы – Медеу ауданының тұрғыны Елена Николаева. Ол жаңартылған кеңістіктің ауданның қоғамдық өмірінің орталығына айналғанын айтады. «Мен әрқашан балалар көңілді әрі қауіпсіз демалатын, ойнайтын орын жасауды армандайтынмын. ҚХБ бағдарламасы мен жергілікті тұрғындардың қолдауының арқасында осы арманым орындалды», – деді аудан тұрғыны Е.Николаева.

Медеу ауданында «Халық қатысатын бюджет» жобасымен биыл барлығы 34 жоба жүзеге асты. Соның 20-сы – аула аумағы, жетеуі – скверді абаттандыру мен жетеуі автоматты суару жүйесі. Осындай сан шаруаны атқару – кезек күттірмес міндет.

Шаһар басшысы Е.Досаевтың тапсырмасымен биыл аталған бағдарламамен қаржыландыру көлемі 2 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды.



БРИФИНГ

Алматыда биылғы 7 айда мүгедектікті белгілеу бойынша 14 мыңнан астам қызмет көрсетілген. Бұл жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы бойынша Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті департаменті басшысының орынбасары Римма Қасымова мәлімдеді.



МҮГЕДЕКТІКТІ БЕЛГІЛЕУ БОЙЫНША 14 МЫҢНАН АСТАМ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Аталған департамент 15 мемлекеттік қызмет көрсетеді. Оның ішінде зейнетақы және әлеуметтік төлемдердің 30-дан астам түрі, сондай-ақ мүгедектікті белгілеу бойынша 1 қызмет бар.

– 2024 жылдың шілдесінен бастап департамент құрылымының өзгеруіне байланысты 4 ауданаралық бөлім және 1 балалар бөлімі медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуде, – деді Римма Қасымова.

Мәселен, биылғы 7 айда 14 283 қызмет көрсетілген болса, оның ішінде алғашқы куәландырудан өткені – 3314, қайта куәландырудан – 10 969. Алматыда барлығы 59 830 мүмкіндігі шектеулі адам тұрады, оның 50%-ы еңбекке қабілетті.

ӨКК спикері нақтылап айтып кеткендей, есепті кезеңде халықты әлеуметтік қорғау саласындағы бақылау бөлімі «ҚР Әлеуметтік кодексінің» сақталуына 104 нысанды тексерді. Тексеру барысында 153 бұзушылық анықталып, жалпы сомасы 1 846 000 теңге болатын 10 әкімшілік хаттама жасалған.

Нұр ЖАМАЛ.

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

ОТАНДЫҚ ӨНІМГЕ ӨРІС АШУ

Техникалық реттеу департаменті жарты жыл ішінде сәйкестікті растайтын 258 құжаттың күшін жойды

Алматының Техникалық реттеу департаменті жарты жыл ішінде сәйкестікті растайтын 258 құжаттың күшін жойды. Бұл деректерді Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте ҚР Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің, «ҚазСтандарт» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша, сондай-ақ Ұлттық аккредиттеу орталығының өкілдері айтты.



Айнабай
МӘДИ

Департамент өкілдері биылғы бірінші жартыжылдықта 417 тексеру жүргізген. Оның 96%-ында техникалық реттеу және аккредиттеу саласындағы заңнаманың бұзылғаны анықталды. Тексеру нәтижесінде құрылыс материалдарына, электр және өнеркәсіптік тауарларға, сондай-ақ көлік құралдарына қатысты 258 сәйкестікті растау құжаттары жойылды. Жұмыс қорытындысы бойынша 27,1 млн теңгеден астам сомаға әкімшілік айыппұлдар салынды, сегіз субъектіні аккредиттеу аттестаттары тоқтатылды.

«Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу және сәйкестікті бағалау саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін 8 аккредиттеу субъектісіне аккредиттеу аттестаттарын алты ай мерзімге тоқтата тұрып, 15 807 298 теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынды», – деді ҚР Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Қанат Қабылбеков.

Ал «Қазстандарт» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша филиалының



директоры Дәурен Сәрсенбаев: «Біздің институттың қызметі қазақстандық өнімдер мен қызметтердің сапасын, қазақстандықтардың өмір сүру сапасы мен деңгейін арттыруға, қоғамның ұлттық стандарттау жүйесіне деген сенімін арттыруға және жоғары ғылыми-техникалық деңгейде қызмет көрсету арқылы өлшем бірлігін қамтамасыз етуге бағытталған», – деді.

Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша филиал Алматы қаласы, Алматы облысы және Жетісу облысы бойынша стандарттау және метрология саласындағы саясатты іске асырады, сондай-ақ елдің бүкіл оңтүстік өңірін қамтиды.

ӨКК спикері «Қазстандарт» РМК Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша филиалында қазіргі уақытта филиалға жүктелген жұмыстардың үлкен көлемін орындайтын 18 маман жұмыс істейтінін атап өтті. Өлшеудің 10 түрі бойынша аккредиттелген екі зертхана бар – салыстырып тексеру және калибрлеу зертханалары, олар елімізде өлшем бірліктерінің өлшемдерін аккредиттелген салыстырып тексеру және калибрлеу зертханаларына беру, сондай-ақ дәлдігі жоғары өлшеу құралдары үшін шама бірліктерін беру арқылы өлшем қадағалануын жүзеге асырады.

Метрология құралдарын қолдану (өлшеу нәтижелерін тану үшін тексеру, калибрлеу, қадағалау) ақаулы өнімді шығаруға байланысты қаржылық шығындардың азаюына әсер етеді, бұл өнімнің сапасын жақсарттады және оның өзіндік құнын төмендетеді.

«Бұл әрекеттердің барлығы отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырады, сауда қатынастарын кеңейтеді, саудадағы техникалық кедергілерді жояды және әлемдік нарыққа еркін экспортқа шығуға ықпал етеді», – деп түсіндірді Дәурен Сәрсенбаев.

ИНЖЕНЕРЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

КОММУНАЛДЫҚ ТӨЛЕМ ҚҰНЫ ӨСЕДІ

Шаһарда «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы жалғасуда

Өзгерістер «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда және желілер мен негізгі жабдықтардың тозуы жоғары деңгейде және инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту қажеттілігімен байланысты.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Әсел Бөденеева мәлімдегендей, жүргізілген талдау нәтижелері бойынша 2024 жылға келесі субъектілер бойынша шешімдер қабылданды:

– «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ электр энергиясын беру қызметтерінің тарифі 2,53 теңгеге ұлғайды, яғни 8,87 теңге/кВтсағ 11,4 теңге/кВтсағ ҚҚС-сыз дейін;

– ШЖҚ «Алматы Су» МКК сумен жабдықтау қызметтерінің тарифі орташа тарифі 99,41-ден 107,05 теңгеге дейін ұлғайтылды;

– халық үшін тарифтің өсуі 11,78 теңгені құрады, яғни 54,22 теңге/м³-тен 66,00 теңге/м³-ке ҚҚС-сыз дейін ұлғайды;

– басқа да тұтынушылар үшін қолданыстағы 282,06 теңге/м³ тарифтен 339,28 теңге/м³ ҚҚС-сыз тарифке дейін ұлғайды;

– бюджеттік ұйымдар үшін қолданыстағы 182,19 теңгеден ҚҚС-сыз тарифтен, 201,82 теңге/м³ ҚҚС-сыз тарифке дейін ұлғайды.

Су бұру бойынша орташа тарифі 5 теңгеге өсті, яғни 53,27 теңге/м³-тен 58,13 теңге/м³-ке ҚҚС-сыз дейін:

– халық үшін тариф 12 теңгеге өсті, яғни 29,23 теңге/м³-тен 40,95 теңге/м³-ке дейін ҚҚС-сыз;

– басқа тұтынушылар үшін қолданыстағы 120,46 теңге/м³ тарифтен 134 теңге/м³ ҚҚС-сыз тарифке ұлғайды;

– бюджеттік ұйымдар үшін тариф 79,79 теңге/м³ ҚҚС-сыз мөлшерінде, қолданыстағы тариф деңгейінде қалдырылды.

Сонымен қатар, жеке тұлғаларды ресурс үнемдеуге ынталандыру мақсатында сумен жабдықтаудың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне бірінші топтың тарифі тұтынушылардың мынадай кіші топтары бойынша сараланады:

1-кіші топ – реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар 1 адамға айына 3 м³ дейін – 66 теңге (орташа);

2-кіші топ – реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар 1 адамға айына 3 м³-тен 5 м³-ке дейін – 79,21 теңге;

3-кіші топ – реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар 1 адамға айына 5 м³-тен 10 м³-ке дейін – 99,01 теңге;

4-кіші топ – реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар және суды есепке алудың жеке аспаптары жоқ жеке тұлғалар 1 адамға айына 10 м³ астам – 132,01 теңге.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау қызметтерінің орташа тарифі 9 725,53 теңге/Гкал-дан ҚҚС-сыз 10 484,38 теңге/Гкал-ға дейін өсті, жалпы өсім 759 теңгені немесе 8%-ды құрады;

– халық үшін орташа тариф 7 194,77 теңге/Гкал-дан ҚҚС-сыз 7 654 теңге/Гкал-ға ҚҚС-сыз дейін өсті;

жылу энергиясын есептеу аспаптары бар халық үшін тариф 1 183 теңгеге ұлғайды, яғни 6 329,79 теңге/Гкал-дан 7 512,36 теңге/Гкал-ға ҚҚС-сыз дейін;

– жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ халық үшін тариф 335 теңгеге ұлғайды, яғни 8849,57 теңге/Гкал-дан 9184,32 теңге/Гкал-ға ҚҚС-сыз дейін.

Сонымен қатар, жалпы ауданның мөлшерін ескере отырып, жылу энергиясын тұтынудың әлеуметтік лимиттерін белгілеу шеңберінде бірінші топтың тұтынушылары халық санатына жататын жеке тұлғалар кіші топтарға бөлінеді. Осылайша тарифтерді саралау 1 абонентке шаққандағы тұрғын үй алаңының көлемі бойынша жүзеге асырылады.

1-топ – 100 шаршы метрге дейін – 7653,60 теңге;

2-топ – 100-ден 200 шаршы метрге дейін – 8418,96 теңге;

3-топ – 200 шаршы метрден жоғары – 10 484,38 теңге.

Қаланың Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы басшысының орынбасары Нұрбақыт Серікбай хабарлағандай, 2025 жылы Алматыда кем дегенде 104 км сумен жабдықтау желісін, 73 км су бұру желісін, 39 км жылумен жабдықтау және 120 км электрмен жабдықтау желісін жаңарту жоспарланған. Бұл жыл сайын сумен жабдықтау мен жылумен жабдықтаудың тозу деңгейін 3%, ал қалған инженерлік желілерді 1,2% төмендетуге мүмкіндік береді.

Биыл Алматыда инженерлік желілер орта есеппен 54%-ға тозған. Тарифтердің өсуі желілер мен жабдықтарды біртіндеп жаңартуға мүмкіндік береді, бұл апатты азайтып, қызмет сапасын жақсарттады. Әкімдік халықтың әлеуметтік осал санаттарына коммуналдық қызмет тарифі үшін өтемақы төлеуді жалғастырады.

«Алдағы уақытта коммуналдық қызмет бағасының өсуіне байланысты Алматы қаласы әкімінің тапсырмасымен азаматтардың 9 санатына өтемақы төлеу жалғасады», – деді Б.Жаубасов.

Алматы мәслихаты шешімінің тиісті жобасы келісімде жатыр, ол қыркүйекте бекітуге енгізіледі. Бұл ережелер 2025 жылы 1 сәуіріне дейін қолданылады.



ЖОШЫ ҰЛЫСЫ – 800

ЖОШЫ ХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

(Басы 1-бетте)

Шыңғыс хан ұрпақтарының әлем тарихында қалдырған іздері көп...

Қай елдің тарихында болмасын ірі тарихи тұлғалар жетіп-артылады. Солардың арасында есімдері іс-әрекеттері арқылы ондаған халықтардың тарихында сақталып қалған, ұрпақтары да сондай елдердің тарихында із қалдырған тұлғалар болады. Сондай тұлғалардың бірі – атақты Шыңғыс ханның ұлы Жошы хан. Шыңғыс ханның ұлдары мен немерелерінің әлем халықтарының тарихында қалдырған іздері көп. Ал Бөрте бәйбішеден туылған Шағатай мен Жошы ұлдарының Дешті Қыпшақ пен Мауереннахр тарихында алар орны ерекше.

Аталған ұлдардың есімдерімен тікелей байланысты Орталық Азия халықтарының тарихында – Шағатайлықтар мемлекеті, шағатай тілі, шағатай жұрты, Жошы ұлысы, жошылық ұрпақтар, Жошы ханның мавзолейі деген атаулар тұрақты түрде орын алған. Бұл дегеніміз, Шыңғыс ханның осы ұлдарының аталған аумақтың тарихында өшпестей із қалдырып, маңызды орын алғанын көрсетсе керек.

Жошы ханның өмірі туралы ең алғашқы мәліметтер 1240 жылы жазылған «Моңғолдың құпия шежіресі» (Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г.), Фазлаллах Рашид ад-диннің (1247-1318) 1310/1311 жылы жазылған «Жылнамалар жинағы» (Жамиғ ат-тауарих) және қытай тіліндегі Юань ши (Юань әулетінің тарихы) атты шығармаларда баяндалады. Ал кейінгі авторлар Жошы хан туралы мәліметтерді осы үш тарихи еңбектен алады.

Жошы хан – атақты Шыңғыс ханның ең құрметті, ең сыйлы, алғашқы әйелі Бөртеден туылған төрт ұлының үлкені. Шыңғыс ханның Бөртеден 4 ұлы, 5 қызы болғаны белгілі. Шыңғыс ханның тұңғышы қыз, есімі – Фуджин-бегі, екіншісі ұл – Жошы. Жазба деректерде, соларға сүйенген ғылыми зерттеулерде Жошының туған жылы 1182 жыл, ал кейбір авторларда 1184 жыл деп көрсетіледі. Рашид ад-дин шығармасында Жошының дүниеге келуі былайша баяндалады. Оқиғаның қысқаша баяны мынадай:

Шыңғыс хан әлі билікке келмей, Моңғол үстіртінде аумалы-төкпелі заман орнап, тайпалардың бір-бірімен алысып-жұлысып жатқан кезінде болады. Меркіт тайпасы ыңғайлы жағдайды пайдаланып, Темучин жоқ кезде Ордасына шабуыл жа-



сайды да, мол олжамен бірге екі қабат Бөртеңі тұтқындап кетеді. Меркіттер мен керейттер арасында сол тұста бейбіт қатынас болғандықтан, аяғы ауыр Бөртеңі меркіт билеушісі керейт ханына сыйлап жібереді.

Ал өз кезегінде керейт ханы Шыңғыс ханның әкесімен кезіндегі достығын ескеріп, Бөртеге құрмет көрсетеді және «Әйелінді алып кет» деп Темучинге хабарлайды. Темучин әйелін алып келуді ең сенімді серігі жалайыр Саба ноянға тапсырады. Саба ноян келіншекті алып келе жатқан кезде, орта жолда кенеттен Бөрте босанады. Жолдың қауіптілігін ескерген Саба ноян дорбадағы ұннан қамыр жасап, сол қамырға баланы орап, Темучинге аман-сау жеткізеді.

Балаға Жошы деп есім беріледі, ол «күтпеген қонақ» деген мағына береді екен. Жалайыр Саба ноян Жошыға аталық болып бекітіледі де, кейіннен Саба ноянның ұрпақтары Дешті Қыпшақтың билігіне келген Жошы ұрпақтарына аталық болады. XVI-XVII ғасырлар шенінде қазақ

қоғамында осы дәстүр жалғасын тауып, тарихшы Қадырғали Жалайыр Шығай ханның немересі Оразмұхаммед сұлтанға аталық, кеңесші қызметін атқарады.

Деректер Жошының дүниеге келуін осылай баяндайды да, оның 25 жасқа дейінгі өмірі туралы еш мәлімет бермейді. Оның есімі тек 1206-1207 жылдардан бастап жазба деректерде ұшыраса бастайды.

• 1206 жыл – Темучиннің Моңғол үстіртінде барлық қарсыластарын жеңіп, жеке-дара билікке келіп, бүкілмоңғолдық Құрылтайда Шыңғыс хан атанып, Моңғол мемлекетін құрған жылы.

Көрші елдер мен халықтарды бағындыру саясаты

Келесі жылдан бастап Шыңғыс ханның көрші елдер мен халықтарды бағындыру саясаты жүргізіле бастайды. Сол саясатты іске асыруда Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы өте белсенділік танытады. Саба ноян бастаған тәрбиешілері өте жақсы тәрбие беріп, Жошы 25-ке дейін нағыз жауынгер, батыл, ержүрек қолбасы, ақылды, алыстан ойлайтын тұлға болып қалыптасады.

Ол бұрын талай шайқастарға көптің бірі ретінде қатысса, енді алғаш рет 1207 жылы Моңғолияның солтүстігіндегі «орман халықтарын» бағындыру үшін әскерге қолбасшылық жасап жіберіледі. Жошының ерекше әскери таланты арқасында «орман тайпалары», енисейлік қырғыздар, теленгуттер өте аз шығынмен бағындырылады. Жошы өте аз шығынмен, өте мол олжамен оралып, әкесі Шыңғыс ханды қуантады.

Келесі жорық 1213-1214 жылдары Цзинь патшалығына бағытталып, үш бөлікке бөлінген моңғол әскерінің бірін Шыңғыс хан мен кіші ұл – Төлей, екінші бөлігін – Шыңғыс ханның кіші інісі Хасар, ал үшінші бөлігін – Жошы, Шағатай, Үге-

дей басқарады. Бұл жорық та моңғолдар үшін өте сәтті аяқталады. Жошы бастаған моңғол әскерінің келесі сәтті іс-әрекеті 1216 жылы Дешті Қыпшақ аумағында, Ырғыз даласында меркіттерді талқандауы және кездейсоқ, әскері өзінен бірнеше есе көп Мұхаммед Хорезм шахпенен ұрысқа түсуі болды. Осы шайқасында Мұхаммед Хорезмшах моңғол әскерінің қандай екенін біліп, олармен ашық майданда ұрысқа түсудің қауіпті екенін түсінеді. Бұл әскери жорықта да Жошы моңғол әскеріне басшылық жасап, барлық шешімді өзі қабылдайды.

Шыңғыс ханның 1219–1221 жылдары Хорезм шахтарының мемлекеті мен Дешті Қыпшақ аумағына жасаған жорығында 150 мыңдық моңғол әскерінің үш бөлікке бөлінгені белгілі. Тағы да әскердің бір бөлігіне Шыңғыс хан мен кіші ұлы Төлей басшылық жасаса, екінші бір бөлігіне – ұлдары Шағатай мен Үгедей және үшінші бір бөлігіне жеке дара Жошы басшылық жүргізеді. Әр бағыттағы әскерлерге нақты міндеттер жүктеледі. Жошы басқарған әскер тобына Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойындағы қалалар мен елдімекендерді бағындыру жүктеледі.

Жошы бұл тапсырманы да өзінің әскери таланты мен қабілеті арқасында бұл-жытпай орындап шығады. Осылайша Жошының осыншама жеңістері оның атақ-абыройын өсіреді. Дегенмен де, Жошының неғұрлым атағы мен абыройы өскен сайын оны көреалмаушылық та белең ала түседі. Жазба деректерде және соларға негізделіп жазылған еңбектерде Жошының көреалмаушылардың алдыңғы сапында туған інісі Шағатайдың тұрғаны айтылады.

1223 жылы Шыңғыс хан Дешті Қыпшақ пен Мауереннахр аумақтарына жасаған жаулап алу соғыстарын толығымен жеңісті аяқтап, мемлекетінің аумағын ұлғайтып, империя деңгейіне көтереді. Келесі жылы, яғни 1224 жылы Шыңғыс хан Құрылтай ұйымдастырады да, жаңадан қосылған аумақтарды басқару үшін Бөрте бәйбішесінен туған төрт ұлына бөліп береді. Ұлдарының үлкені Жошыға Ертіс өзенінен батысқа қарайғы Қыпшақ дала сын басқаруға береді. Балқаш көлінің солтүстік жағалауы, Сырдарияның орта және төменгі ағысы бойы, Арал маңы, Хорезм өңірі Жошыға беріледі.

Сондай-ақ, болашақта «моңғол жылқысының тұяғы жеткен жерге» дейінгі аумақтарды бағындыру тапсырылады. Ол жерлер – Иран мен Ирак, Сирия жерлері деп көзделеді. Бұл жерлерді 1256–1260 жылдары Төлейдің ұлы Хұлағу жаулап алып, жеке Елхан әулетін қалыптастырған кезде, Жошы әулетінің өкілі Берке хан мен Хұлағу және оның мұрагерлері арасында ұзаққа созылған соғыстар басталып кетеді.

Шыңғыс хан екінші ұлы Шағатайға Мауереннахр аумағын, Шығыс Түркістанды береді. Бұл жерлер Шағатай ұлысының құрамына еніп, кейінгі деректерде ол жердің тұрғындарын жалпы атаумен шағатайлықтар деп атай бастайды. Үшінші ұлы – Үгедейге Шығыс Қазақстан мен Батыс Моңғолия жерлері тиді. Ал Моңғолияның қалған барлық бөлігі кіші ұл – Төлейдің басқаруына беріледі.

(Жалғасы бар...)

Берекет КӘРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі,
әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
профессоры,
тарих ғылымының
докторы.



«Жошы хан» кесенесі (Дереккөз: egemen.kz).



БРИФИНГ

МЕКТЕП АВТОБУСТАРЫ
МЕН ТЕГІН ТАМАҚТАНУ:

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова, Алматы қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Гүлнар Ермекбаева, Білім басқармасының басшысы Сайран Сайфеденовтің қатысуымен мектептердің жаңа оқу жылына дайындығы барысында басқосу өтті. Алғашқы сөз кезегін қала әкімінің орынбасары Әсем Бекқызы алып, білім мекемелерінің жаңа оқу жылына дайындығы барысын әңгімеледі.

Алматы мектептерінің жаңа оқу жылына дайындығы қалай?



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ Өңірлік коммуникациялар қызметі
РЕГИОНАЛЬНАЯ СЛУЖБА КОММУНИКАЦИЙ ГОРОДА АЛМАТЫ
REGIONAL COMMUNICATIONS SERVICE OF ALMATY CITY

Рая
ЕСКЕНДІР

28 мыңнан астам бала мектеп табалдырығын аттайды

«Биыл қаламызда 308 519 оқушы жаңа оқу жылын бастайды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 8 мыңға көп. Осы оқушылардың 28 144-і алғаш рет мектеп табалдырығын аттап, 1-сыныпқа барғалы отыр. Дегенмен, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 15%-ға төмен», – деді қала әкімінің орынбасары.

Сонымен қатар, жергілікті бюджеттен жалпыға бірдей білім беру қорына 1,6 млрд теңге бөлінгенін әңгімелеп, бұл қаражаттың балаларды мектеп формасымен және кеңсе тауарларымен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін тілге тиек етті. Бұл тұрғыда 12 684 мұқтаж баланың 55 мың теңгеден қаржылай көмек алатынына тоқталды. Сонымен қатар, демеушілер мен меценаттар тарапынан көмек көрсету бойынша жұмыстар жүргізіліп, 1 тамызда ХЭОТ санатындағы балаларды мектеп формасымен және керек-жарақтарымен қамтамасыз ету бойынша дәстүрлі жыл сайынғы «Мектепке жол» республикалық акциясы басталғанынан да хабардар етті. Жалпы, аталмыш акция аясында демеушілер мен меценаттар есебінен 275 млн теңгеге 5010 балаға көмек көрсетіліп отыр.

«Жайлы мектептер» пайдалануға беріледі

Алматыда әлеуметтік аз қамтылған отбасы балалары үшін ыстық тамақпен қамту биыл да қарастырылып, оған 1–11-сынып оқушылары қамтылып отыр. Мәселен, биыл Алматының 133 мыңнан астам оқушысы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілсе, бұған жергілікті бюджеттен 16,5 млрд теңге бөлініп отыр. Оқушылардың ыстық тамақтану құны 840 теңгені құраса, бұл еліміз бойынша ең жоғарғы көрсеткіш.

Басқосуда қалалық Білім басқармасының басшысы Сайран Сайфеденов биыл 600 орынды қамтитын алғашқы «Жайлы мектептердің» пайдалануға берілетінін жеткізді. Сонымен қатар, осы жылдың соңына дейін 32,8 мың орынға есептелген 20 жаңа мектептің пайдалануға берілетінін, ал 4 мың орынды қалған екі мектеп құрылысының 2025 жылы аяқталатынын атап өтті.

Жалпы, Алматыда «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру аясында 36,8 мың орынға шақталған 22 мектеп салу жоспарланғанын айтты. Басқарма басшысы «Samruk-Kazyna Construction» АҚ арқылы жүргізіліп жатқан 23 100 орынды 13 мектептің құрылысына ерекше назар аударылып отырғанын жеткізе келе, 1 қыркүйекке дейін «Dial-Stroy» шағынауданында 600 орынды, қазан айында «Теректі» шағынауданында 2000 орынды мектеп ашу жоспарланып отырғанын жеткізді.

Осы жылдың қарашасында 4500 орынды үш мектеп ашылса, Розыбакиев-Левитан көшесі бойындағы мектеп, Райымбек даңғылы бойындағы «Нұрлы дала» ТК ауданындағы және «Ақбұлақ» ықшамауданындағы №154 мектеп құрылыстары аяқталуға тиіс.

Сондай-ақ, осы жылдың соңына дейін 15 мың орынды 8 мектептің құрылысын аяқтау жоспарланып отыр. Олардың арасында «Қарасу», «Самғау», «Шұғыла», «Құрамыс» ықшамаудандары мен Егізбаев, Сәбденов көшелеріндегі мектеп құрылыстары бар. Жалпы, 11 700 орынға есептелген 8 мектеп құрылысын жеке инвесторлар жүргізіп жатыр. Бүгінгі таңда «Шұғыла» ықшам-

ауданында 1200 орынды бір мектептің құрылысы аяқталды. Бұған қоса, «Алғабас» шағынауданында 2 мың орынды мектеп салу мемлекеттік жекеше әріптестік шеңберінде жоспарланса, бұл жоба бойынша жұмыстар осы жылдың қазан айында басталады.

Сәтін салса, бұл құрылыс 2025 жылдың желтоқсанында аяқталады деп күтілуде. Ағымдағы жөндеу аясында, 180 мемлекеттік мектепке жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қазір 169 мектепте жөндеу жұмыстары аяқталды. Ал қалған 11 мектепте жөндеу жұмыстары аяқталуға таяу.

– Қазіргі таңда қаладағы 13 мемлекеттік мектепте күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 4 мектепте жөндеу жұмыстары аяқталды. Ал қалған мектептерді 2025 жылы аяқтау жоспарланып отыр. Өкінішке қарай, үш проблемалық нысан бар. Қазіргі таңда ондағы жұмыстар кешіктіріліп, жоспарланған мерзімнен кейін аяқталады деп күтілуде. Олардың қатарында 2023 жылдың ақпан айында басталған №9 мектеп және 2023 жылдың қыркүйегінде реконструкция басталған №59 мектеп бар, – деп атап өтті С.Сайфеденов.

Сондай-ақ, қазір қала аумағында жергілікті бюджет есебінен әрқайсысы 550 орынды екі мектептің құрылысы жүргізіліп жатыр. Олардың бірі – «Саялы-2» ықшам-ауданында мектеп құрылысын осы жылғы қыркүйек айының соңына қарай аяқтау жоспарланса, біреуі «Зерделі» ықшам-ауданында салынып жатыр.

Мониторинг жүргізілді

Сонымен қатар, брифингте Алматы қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Гүлнар Ермекбаева жүргізілген мониторинг барысы туралы әңгімелеп, бұл мектептердің жаңа оқу жылына дайындық жағдайын анықтап, оқушылардың білім алуына қолайлы және қауіпсіз жағдай жасау екенін жеткізді.

Жақында мектептердің жаңа оқу жылына дайындығын тексеру мақсатында департамент қызметкерлері білім беру ұйымдарын аралап, ондағы жүргізіліп жатқан ағымдағы жөндеу жұмыстарын, жаңа оқу жылына дайындығын, білім беру ұйымдарында бейнебақылау, турникет, дабыл түймелерінің бар-жоғын мен жаңа үлгідегі кабинеттер, робототехника кабинеттеріне кешенді мониторинг жүргізген еді.

– Біздің департамент қызметкерлері бұған қоса, мектептердің оқулықтармен қамтамасыз етілуі мен жеткізілуіне де мониторинг жүргізді. Ондағы мақсат – оқушылардың оқулықпен дер кезінде және толық қамтылуы. Қазіргі уақытта оқулықтарды тарату жұмыстары әлі де жүргізіліп жатыр. Жүргізілген мониторинг негізінде тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері дайындалып, қазір қаланың әрбір білім беру ұйымдарының қызметін бағалау бойынша композиттік индекс жасалды, – деді Гүлнар Ермекбаева.

Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті өңірлердің әдістемелік орталықтарымен бірлесіп, 2023-2024 оқу жылында білім сапасын жетілдіру мақсатында «1000 мектепке әдістемелік көмек» атты республикалық жоба іске асырылды. Қаланың

бірқатар мектептері осы жобаға қатысып, озық әдіскерлер білім сапасын арттыруға бағытталған үздік жобалары мен кейстермен бөлісті. Қазір жобаның қорытындысы бойынша әр мектеп өзінің 5 жылдық даму жоспарына сапаны арттыруға бағытталған тиісті өзгерістер енгізіп, жұмысты жалғастыратын болады.

Білім сапасын бақылау нысандарының бірі – 4 және 9-сынып оқушыларын кешенді тестілеу шеңберінде оқушылардың жетістіктерін бақылау және мемлекеттік аттестаттау бақылау түріндегі білім сапасын сыртқы бақылау. Мәселен, биылғы жылы мониторингке 166 білім беру мекемесі қатысты. Бүгінгі таңда Алматы қаласы бойынша білім сапасын қамтамасыз ету департаменті жүргізген мемлекеттік аттестаттауға барлығы 253 білім беру ұйымы қамтылды. Мемлекеттік аттестаттау жоспарланған 295 білім беру мекемесінің 233-інде (78%), оның ішінде 132 мемлекеттік мектепке дейінгі мекемеде және 91 мектепте өткізілді.

– Аттестаттаудан өткізілген 233 мекеменің бірінші реттен 85 мектеп, 87 балабақша аттестатталды. Бұзушылықтарды жоюды ескере отырып, қайта аттестаттау кезінде 33 балабақша аттестатталды, жылдың соңына дейін қалған ұйымдар жоспар бойынша қайта өткізіледі. Барып тексеру арқылы профиликалық бақылау қорытындысы бойынша «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарының» бұзылуы жойылып, нәтижесінде 1 жекеменшік мектеп аттестатталды, – деп атап көрсетті департамент басшысы.

Интернетпен қамтамасыз етілді

Алматы қаласы прокуратурасының талабы бойынша аталмыш комиссия білім беру ұйымдарында білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, оның ішінде біліктілік талаптары мен үлгілік жұмыс ережелерінің сақталуына кешенді зерттеу жүргізді. Тексеру қорытындысы бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын уақытылы аяқтамауына байланысты заң бұзушылықтар анықталды. Қазіргі уақытта бұл бұзушылықтар түзетіліп жатыр.

Сондай-ақ, ағымдағы жылы тестілеу аясында компьютерлік техниканың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін Zoom форматында прокторинг жүргізіліп, тест сыныптарында веб-камералар іске қосылды. Сонымен қатар, 166 оқу орнында оқушылардың жетістіктерін бақылау бойынша техникалық оқыту ұйымдастырылып, білім беру ұйымдарында жылдамдығы кемінде 20 Мбит/с болатын интернетпен қамтамасыз етілді. Процесс барысында заң бұзушылықтар тіркелген жоқ.

Сонымен қатар, «Баршаға арналған сапалы білім» ұлттық баяндамасы аясында «Елдегі мақсатты мектептерді дамыту» жобасы әзірленіп отыр. Бұл жобаның мақсаты – өңірлердегі білім сапасын арттыру бойынша жұмысты күшейту шараларын қабылдау. Аталмыш жобаға қаланың 22 жалпы білім беру мекемесінде аталған тізімдегі пән мұғалімдері үшін арнайы

біліктілік арттыру курстары ұйымдастырылып, басшыларға әдістемелік көмек көрсетіліп, қызмет бағыттары айқындалды.

«Білім сапасын қамтамасыз ету департаменті білім сапасын арттыру бойынша жұмысты жалғастыруда және мектептердің жаңа оқу жылына дайындығын қадағалайды», – деп қорытындылады өз сөзін Гүлнар Ермекбаева.

«Мектеп автобусы» жобасы кеңейе түспек

Жаңа оқу жылынан бастап Алматыдағы 200 мектеп автобусы 14 мыңнан астам баланы тасымалдай бастайды. Қала әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпованың айтуынша, «Мектеп автобусы» жобасы 2023 жылы басталған кезде 6,1 млрд теңгеге 100 автобус алған көрінеді. Ал биыл 23 мектепке 6 мыңнан астам баланы қамтитын тағы 100 автобус сатып алынған. Оқушыларды тасымалдауға жергілікті бюджет есебінен барлығы 2,5 млрд теңге бөлініп отыр.

«Бұл балалардың қауіпсіздігін арттыруға және жол қозғалысына түсетін жүктемені азайтуға бағытталған маңызды жоба», – деп атап өтті Әсем Нүсіпова.

Алматы колледждерінде 5 жаңа құзырет орталығы ашылады

Брифинг барысында қалалық Білім басқармасының басшысы Сайран Сайфеденов техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі ауқымын кеңейтіп, жаңа перспективалармен толығып жатқанын жеткізді.

Алматыда 89 колледж бар. Олардың 23-і мемлекеттік, 66-сы жекеменшік. Ағымдағы оқу жылында колледждерге 84 613 студент қабылданса, олардың 32%-ы мемлекеттік колледждерде, ал 68%-ы жекеменшік колледждерде оқиды.

Мұндағы кадрларды даярлау 131 мамандық және 220 біліктілік бойынша жүзеге асырылады. Мәселен, құрылыс, көлік, ауыл шаруашылығы, энергетика, қызмет көрсету саласы, білім беру, денсаулық сақтау және тағы басқалары. Бүгінгі таңда колледждерге оқуға 24 866 талапкер құжат тапсырса, 17 000-ы бюджет есебінен білім алады. Өйткені, биылғы жылы мемлекеттік білім беру тапсырысы 17 мың орынға бөлініп отыр, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда, 530 орынға артып отыр.

Мемлекеттік колледждерде ашылған тоғыз құзырет орталығында студенттер WorldSkills стандарттары бойынша өзекті білім мен дағдыларды алатын болады. Жалпы, биыл WorldSkills стандарттары бойынша мамандарды даярлау және кәсіптік оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік беретін тағы 5 құзыреттілік орталығын ашуды жоспарлап отырмыз.

Сондай-ақ, басқарма басшысы 2023 жылы колледждерді 20191 маман бітірсе, олардың 65%-ы жұмысқа орналасқанын, ал биылғы бітірген 24 168 білікті маманның 11 мыңнан астамы мемлекеттік тапсырыс бойынша дайындалғанын жеткізді.



КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

АРДАҚТЫ, АЙБЫНДЫ АТА ЗАҢ – халық игілігі, жақсы тұрмысы, бақуатты өмірі үшін

Еліміздің Ата Заңы әлемдегі ең жас Конституциялардың бірінен саналады. Конституция – бұл ел халқының ең жоғары заңдық күшке ие басты саяси құжаты. Ата Заңның мақсаты – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын Қазақстан Республикасының ең жоғарғы құндылықтарын қамтамасыз ету және қорғау. Біз жыл сайын 30 тамызда Конституция күнін атап өтеміз. Биыл еліміздің Ата Заңының қабылданғанына – 29 жыл толады.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Біріктіруші күш

Иә, Ата Заң – ел халқын біріктіруші үлкен күш. Қазақстанның алғашқы Конституциясы 1926 жылы 18 ақпанда қабылданды. Ал Тәуелсіз Қазақстанның ең алғашқы Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған болатын. Бірақ ол ескі әкімшіл-әміршіл ережелерге сүйенгендіктен, қоғамның талап-тілегіне жауап бере алмады. Сондықтан араға екі жыл салып, яғни 1995 жылы 30 тамызда жалпыхалықтық референдум негізінде еліміздің 98 баптан тұратын жаңа Конституциясы қабылданды.

Жаңа Ата Заңды қабылдау алдында ұзақ мерзімді көп жұмыс атқарылды. Тұңғыш Президенттің бастамасымен құрылған сарапшылар әлем елдерінің Конституцияларын мұқият зерделеді, керегін алды. Ресми мәліметтер көзіне сүйенсек, құжатты талқылауға 3 миллионнан астам адам қатысқан көрінеді.

Адам – үлкен құндылық

Конституцияның бірінші бабында Қазақстан Республикасы адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын өзінің ең қымбат қазынасы деп жариялайды. Қазақстан Республикасының азаматтарына нәсіліне, ұлтына, жынысына, тіліне, әлеуметтік, мүлкітік және лауазымдық жағдайына, әлеуметтік шығу тегіне, тұрғылықты жеріне, дінге көзқарасына, нанымына, қоғамдық бірлестікке мүшелігіне, сондай-ақ бұрын келтірілген қылмыстық жазаға қарамастан, құқықтар мен бостандықтардың теңдігіне кепілдік беріледі. Азаматтарды қорлаудың кез келген түріне тыйым салынады.

Қазақстан жерінде тұратын әрбір адам еліміздің негізгі



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҒЫЛЫ

заңын құрметтеп, сақтауы керек. Қазақстанның әрбір тұрғыны әділдікке, заңдылыққа, теңдікке және өзінің болашағына сенімді болуға тиіс. Қоғам мен мемлекет дамуының базалық қағидағдары, адамның, азаматтың және мемлекеттік билік субъектісінің кепілдіктері, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Конституциясында нақты бекітілген. Оларды сапалы және тиімді іске асыру – мемлекет пен қоғамның маңызды міндеті.

«Жеті жарғы»

Жалпы, халқымызда заңға бағыну ертеден қалыптасқан. Мәселен, Қазақ хандығы кезеңіндегі алғашқы заңның авторы – Қасым хан, яғни ол «Қасым ханның қасқа жолы» деген атпен белгілі. XVI ғасырдың ортасына қарай Қасым хан заңдарының өзегін ала отырып, толықтырулар енгізіп, қазақ халқын тәртіп пен заң алдында қатар ұстаған құжаттардың бірі – «Есім ханның ескі жолы», яғни оның авторы – Есім хан. Қазақтың хандары әзірлеген заңдар бес бөлімнен тұрған. Бірінші бөлімі жер мен мал, мүлікке қатысты, екінші бөлімі қылмыс пен жаза, үшінші бөлім әскери тәртіп пен қызметпен байланысты болған. Төртіншісі – халықаралық қатынастарға, ал бесінші бөлімі дәстүрлерге арналды.

Қазақ хандығының үшінші заңдық құжаты Тәуке ханның әйгілі «Жеті жарғысы» болды. «Жарғы» сөзі қазақша әділдік, шешім деген ұғымдарды білдірген. «Жеті жарғыда» жер, жесір, құн дауы, бала тәрбиесі және неке, қылмыстық жауапкершілік, рулар арасындағы дау мәселелері шегеленді.

Конституция өзегі

Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді. Қазақстанда билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады.

Қазақстан халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтейді, мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынас жасау, олардың теңдігі мен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу саясатын жүргізеді, қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартады.

Заң мен сот алдында бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды. Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың құқығы әрі міндеті. Ал кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті. Міне, Ата Заң өзегі осы.

Жақсылыққа бастайды

Тәуелсіздік жылдары Конституцияға алты рет өзгеріс енгізілді: 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 және 2022 жылдары. Иә, соңғы рет Ата Заңымыз алдыңғы жылы республикалық референдум қорытындысы бойынша өзгерген еді. Ең ауқымды өзгерістерді тілге тиек ете кетсек, Қазақстан суперпрезиденттік басқару формасынан күшті парламенті бар президенттік формаға көшті; жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі; Президенттің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызметші, квазимемлекеттік сектор субъектісі басшыларын лауазымдарын атқаруға құқығы жоқ; Қазақстандықтар өз бетінше Конституциялық сотқа жүгіне алады; Өлім жазасына тыйым салынады. Ешкімнің адам өмірін қиюға құқығы жоқ.

Жалпы, кез келген өзгеріс жақсылыққа бастайтыны анық. Ал жақсылық атаулы – халық игілігі, жақсы тұрмысы, бақуатты өмірі үшін! Соған орай біз үшін де Қазақстан Республикасын қорғау, Ата Заңды сыйлау – қасиетті парызымыз және міндетіміз.

29 ТАМЫЗ – СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ ПОЛИГОНЫ ЖАБЫЛҒАН КҮН

Амантай қажы АСЫЛБЕК: «БҰЛ КҮНДІ ҰМЫТУҒА БОЛМАЙДЫ!»

Биыл қазақ халқының қасіреті болған Семей полигонының жабылғанына 33 жыл толып отыр. Осынау халықтың өміріне қауіп төндірген тажалды, ядролық жарылысты тоқтату үшін, атқа қонған азаматтардың қатарында дәл бүгін сексеннің сеңгіріне шыққан Амантай қажы Асылбек те жүрді. Әлі де аттан түспей, қоғамға өз үнін білдіріп жүретін Амантай қажы Асылбек «бұл күнді ұмытуға болмайды!» дейді.



Амантай Асылбектің басшылығымен құрылған «Аттан, Қазақстан» бейбіт штабы 1991 жылдың 18 мамыры күні «Менің Қазақстаным» әнін әуелетіп, қасіреттен көз ашпаған Семей жерін бетке алады. «Неге біздер у ішеміз суаттан...» деп Ұлықбек ақын жырлаған Семей жерінің халық үшін қасіреті аз болмады. Әлі күнге дейін сол дерттен айықпаған жандардың бар екеніне өмірдің өзі куә. Халқымыздың денсаулығына, тіпті тағдырына осы полигонның тигізген зияны аз болмады. Тіпті, әлі күнге сол полигонның зардабын тартып келе жакан адам қаншама? Осынау тажалдың ұлттың ұрпағына тікелей әсерінің бары ұлтжанды азаматтарды да бейжай қалдырмаған еді. Міне, қазақ тарихында қасіретімен есте қалған полигонның жабу жолындағы ұлт азаматтарының ерен еңбегі мен төккен тері біздің есімізде мәңгіге қалды. Әлі де ұлтына адал қызмет етіп келе жатқан Амантай қажы Асылбек сол күндерді былайша еске алады:

– Иә, ол күнді ұмытуға болмайды. Сол жолда елі үшін жолға шығып, сапарлас

болған азаматтардың есімдерін еске алып отыруымыз керек. Менің де сол бір күн әлі де санамда жаңғырып қалды. Шіркін, халқының қуанғанын көргеннен артық не бар десеңші! Сол күнді Семейден шығатын «Халық дауысы» газеті сүйіншілеп алғаш рет халыққа жеткізді. Басылымның бірінші бетінде «Сүйінші, Семейдегі ядролық жарылыс мәңгіге тоқтатылды» деген қуанышты ақпарат жарқ ете қалды. Плешала еліміздегі бүкіл бұқаралық ақпарат құралдары бұл оқиғаны «1991 жылдың 29 тамызы аждаһаның ақырғы күні» деген мазмұнмен ел аумағына таратты. Осылай деп біздің жеңісімізді бүкіл елге қуана жариялап жатты.

Көп ұзамай штаб мүшелері бірден киелі Түркістанға аттанып, сол жерде 7 күн бойы халыққа ас берген едік. Міне, осы күнді біз ғана емес, біздің келер ұрпағымыз да ұмытпауы керек. Өзің ойлашы, осы мен не үшін шырылдап жүреміз? Сол тажал – полигонның қасіретін ендігі ұрпақ көрмесе екен деймін. Әрине, полигонды бір өзім

жаптым деп отырған жоқпын. Осы жолда елі мен жеріне жаны ашыған, нағыз адал рухты азаматтар болды. Олардың бойындағы өршіл рухқа, отансүйгіштік, намыс-шылдық қасиеттеріне мен әркез тәнті болып отырамын, – дейді өткен күнді еске алған Амантай қажы.

Иә, қаламызда қандай дүбірлі жиын болса, оның бел ортасында осы Амантай қажы Асылбек жүреді. Жакында ғана халқының қадірменді ұлы Қонаевты еске алу жиынында осы Амантай қажы жақсы естеліктер айтып, жиналған жұртты кеменгердің бейнесімен қауыштырды. Алып тұлғанын Қазақстанның мемлекет болып қалыптасуына сіңірген еңбегі туралы айтып, Қонаевтың есімін жұрт жадында тағы бір жаңғыртты. Естеріңізде болса, сонау жылдары ана тіліндегі ұлт мектептерінің көптеп ашылуына да осы Амантай қажы бастаған ұлт жанашырлары көп еңбек сіңірген еді. Сол жылдардағы бастамалары баянды болып, бүгінде ұлттық мектептер саны көбейіп жатыр. «Ұрпағым азып, жерім тозбаса екен» деген адал ниеті

қарап отыруға да мүмкіндік бермейді. Амантай қажы қашанда ат үстінде. Ұлтына қызмет етумен келеді.

– Осы жасыма дейін ұлтым үшін қызмет етіп келемін. Алла өмір берсе, әлі де жалғастыра беремін. Кезінде дүние жүзінің бейбіт өмірді сүйетін миллиондаған тұрғыны «Аттан, Қазақстан» шеруіне қатысты. Әлем түгел назарын бұрып, біздің мемлекетті таныды. Өз басым сол кезде Қазақстанның байрағын 28 мемлекетте көтеріп жүрдім. Сосын Мекке-Мединеге он рет барып, мың адамды сауап үшін апардым. Әрине, құр барып қайтпай, әр сапарымызда аруақтарға Құран бағыштап қайттық. Осының бәрі бекер емес, ұлтымыздың болашағы үшін емес пе? Өзің де көріп жүрсің, мен сонау 1984 жылдан бастап, коррупциямен күресті бастаған адаммын. Қазір де қарап жүргем жоқ. Халқымызды имандылыққа бастап, адалдыққа, рухшылыққа шақырып жүрмін, – дейді Амантай қажы Асылбек.

Жазып алған Рая ЕСКЕНДІР



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

АЛМАТЫ – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ

Республикалық деңгейде қолға алынған «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Алматыда да көп іс тындырылып жатыр. Біздің мегаполис мәдени, рухани әсем қала деген мәртебесіне сай әрдайым таза, көркем, еңселі болуға тиіс. Сондықтан қаланың әсем, өмір сүруге қолайлы болуына үлкен-кіші түгел атсалысуымыз керек. Себебі, Алматы – біздің ортақ үйіміз.

Қоқыстарды шығару ережесі де бар

«Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы Полиция департаментімен бірлесіп ірі көлемді қоқысты шығару ережелерін түсіндіру бойынша ауқымды жұмыс жүргізуде.

Қала аумағын көріктендіру ережесін сақтау үшін ірі көлемді қоқыстарды жинайтын негізгі орындарда қосымша бейнебақылау камералары орнатылды. Сондай-ақ, қалада тазалықты сақтау қажеттілігі туралы бейнероликтер көрсетіліп жатыр, жеке және заңды тұлғалардың Алматы қаласының аумағын көріктендіру қағидасының талабын бұзу фактісін анықтау және тұрғындардың контейнерлік алаңға ірі көлемді қоқысты шығармау бойынша рейдтер ұйымдастырылды.

Алматыда бүгінде тұрғындардың контейнерлік алаңның іргелес аумағына тұрмыстық техника, сантехникалық бұйымдар және басқа да істен шыққан ескі жиһаз сынды ірі көлемді қоқыстарды тастау мәселесі бар. Сонымен қатар, қоқыс жәшіктерінің жанында плитка, кірпіш және т.б. құрылыс қалдықтарын көруге болады. Ал қоқыс шығаратын машиналар ірі көлемдегі қоқыстар мен құрылыс қалдықтарын шығара алмайды, өйткені бұл машиналардың престеу аппаратын істен шығаруы мүмкін.

Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидасына сәйкес жылжымайтын нысандарды салуды және (немесе) жөндеуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар құрылыс және ірі көлемді қалдықтарды (жиһаз, тұрмыстық техника) арнайы бөлінген орындарға өздері апаруы керек. Алматы қаласының аумағын көріктендіру ережесіне сәйкес ірі көлемді қоқыстарды (қалдықтарды) шығаруды ірі көлемді қоқыстарды шығару шарты негізінде кәсіпорындардың, мекемелердің және жеке тұлғалардың өздері де қоқыс шығаратын кәсіпорындар жүргізеді.

Осылайша үйіне жөндеу жүргізетін тұрғындар, сондай-ақ көп көлемді қоқыс пайда болған кезде мамандандырылған ұйымдарға хабарласып, ақылы техниканы шақыруы немесе қалдықтарды полигонға өз бетінше шығаруы керек. Полигондар Алматы облысының Іле және Қарасай аудандарында орналасқан.

ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 505-бабында көріктендіру ережелерін бұзу жеке тұлғаларға – 20, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 30, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 40, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ескерту жасауға немесе айыппұл салуға әкелетінін ескеру қажет.

«Эко-коинды кофеге айырбаста»

Қалада бір рет қана тұтынылатын заттар тау болып үйіліп, айналаны қоқысқа толтырып тастамасы үшін тағы бір жоба қолға алынды. Ол – «Эко-коинды кофеге айырбаста» бағдарламасы. Алматы қаласының эко-хабы әзірлеген бұл бастама кофеханаларда қайта пайдалануға болатын стакандарды қол-



дануды ынталандырады. Қайта пайдалануға болатын ыдыспен келіп сатып алынған әрбір сусын үшін келушілер 100 теңгеге балама эко-коин алады. Бұл қаражатты экологиялық экотауарларды сатып алуға және шеберлік дәрістеріне қатысуға жұмсауға болады.

«Жақында акцияға кофеханалардың басқа да ірі желілері қатысады деп үміттенеміз және бұл бастама қоршаған ортаны сақтау үшін бір реттік ыдысты қолданудан бас тарту сынды Алматының жаңа дәстүріне айналады», – деді эко-хаб пен «Eco Network» ЖШС негізін қалаушы Евгений Мұхамеджанов.

Жоба қазірдің өзінде қаланың бірнеше кофеханасында, соның ішінде «Неделька» желісінде қолға алынып, ауқымы кеңейіп келеді. Акцияға қала тұрғындарының танымал демалыс орны Горельниктегі «Апа Катя» кафесі де қосылды. Бастама экологиялық жауапкершілікті қалыптастыруға және бір реттік ыдыстарды пайдалануды азайтуға бағытталған.

Ескерткіштер еңселі әрі жап-жарық

Мегаполисте республикалық және жергілікті маңызы бар тарихи әрі мәдениет ескерткіштеріне түнгі уақытта жарық беру жұмысы жүргізілді. Бұл да «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында атқарылды. Жұмыс қаланың барлық ауданын қамтыды. Іс-шара аясында 56 монумент пен бюст те жарықтандырылды. Қосымша жарықтандыру үшін 128 прожектор орнатылды.

«Алматы Қала Жарық» МКК бас инженері Әлімұхамед Жалпақов атап өткендей, мүсіндер мен кешендерді жарықтандыруға бюджеттен қосымша қаражат бөлу талап етілмеді.

«Бір жерде азғантай жарық болды, біз оны жақсарттық. Ескерткіштер мүлдем жарықтандырылмаған жерде біз монументалды құрылымның барлық ұйылығын жарықпен көрсету үшін қолда бар ресурстарды қолдандық. Қазір қала тұрғындары мен қонақтары бұл сұлулықты суретке түсіру және еске алу үшін қараңғы уақытта ескерткіштерге арнайы келеді», – дейді ол.

Кәсіпорын қызметкерлері аудан әкімдіктерімен бірлесіп мемориалдар тізімін қалыптастырды. Тізімге Абай, Әл-Фара-

би, Райымбек батыр, Шоқан Уәлиханов, Ахмет Байтұрсынов, Дінмұхамед Қонаев ескерткіштері, Ұлы Отан соғысының батырлары мен интернационалист-жауынгерлерге, ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған бірқатар мемориалдар, Алматы қаласының құтқарушыларына арналған ескерткіштер, «Қазақстан» монументалды-мүсіндік композициясы, Тәуелсіздік монументі кіреді.

Ерекше балалар экодәріске қатысты

Алматының экохабында «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған шеберлік дәрісі өтті. Онда шығармашылық пен экологиялық білім берілді. Іс-шараға 30-дан астам адам, оның ішінде балалар мен олардың ата-аналары, сондай-ақ еріктілер мен тәрбиешілер қатысты.

Шеберлік дәрісінің басты мақсаты – ерекше қажеттілігі бар балалардың әлеуметтік өзара іс-қимылы мен шығармашылық қабілетін дамыту үшін жағдай жасау. Қатысушылар қайта өңделген материалдардан экологиялық колөнер бұйымдарын жасады. Бұл олардың талантын ашуға және қоршаған ортаны қорғауға үлес қосуға мүмкіндік берді.

Балаларға экологиялық мәдениетті сақтаудың маңыздылығы туралы айтылды, қайта өңделген материалдардан түрлі пластикалық бұйымдар жасалатын жабдықтар көрсетілді, сондай-ақ оларға экологиялық акцияға қатысу үшін арнайы тиын – экокоиндарды өздері жасау ұсынылды.

Сонымен қатар, балалар үшін эко-сөмкелерді пайдаланудың маңызы және саналы тұтыну дағдысы жазылған шопперлердің бірегей суреті бойынша шеберлік дәрісі ұйымдастырылды.

Тәжірибелі мұғалімдер мен экобелсенділер сабақтарды ойын түрінде өткізді. Бұл оқу үдерісін балаларға қызықты әрі қолжетімді етті. Шеберлік дәрісі бүгінгі күні мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау мен дамытуға бағытталған эко-хаб іске асыратын инклюзивті оқыту бағдарламасының бір бөлігіне айналды.

Әзірлегендер Нұржамал ӘЛІШЕВА, Досбол АТАЖАН.



Суретті түсірген Санам ҚҰСАЙЫНОВ.





Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

ТАҒЫМ

АСЫҒЫ АЛШЫСЫНАН ТҮСТІ

Сағадат Нұрмағамбетов пен Рахымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына спорт фестивалі өтті

Мегаполисте еліміздің көрнекті қос батыры, «Халық қаһармандары» – Сағадат Нұрмағамбетов пен Рахымжан Қошқарбаевтың 100 жылдық мерейтойына арналған ауқымды спорт фестивалі өтті.

Шаһардағы 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағында Алматы қалалық Спорт басқармасының мұрындық болуымен ұйымдастырылған ерекше іс-шара еліміздің түкпір-түкпірінен келген үздік спортшылар мен спорт сүйер қауымның басын, тілегін, ниетін қосты. Олар саябақ төріндегі «Мәңгілік алауға» гүл шоқтарын қойып, батырларымызға құрмет көрсетті.

Фестиваль қатысушылары ұлы дала халқының дәстүрлі ойыны – асық атудан жарысып, боз кілемде қазақша күрестен ойын өрнегін көрсетті. Сондай-ақ, гір тасын көтеруден, турникке тартылудан жарысты.

– Сағадат Нұрмағамбетов пен Рахымжан Қошқарбаев сынды қос тұлғаны жас ұрпаққа үлгі тұтып, осылай дәріптеп жатқандарыңызға қуаныштымын. Сағадат Нұрмағамбетов жеткіншектердің білімді де білекті болғанын қалайтын, сол жолда еңбек етті. Осындай патриоттық-спорттық іс-шаралардың әрдайым белортасында жүрді.

Сондықтан бүгінгі сүйкімді балалар мен білекті ересектердің қатар тұрып, фестивальге атсалысып жатқанын көрсе, сөзсіз қуанар еді. Спорт та адамдарды жақындастырады, шыңдайды, сергектік сыйлайды және жаңа жетістіктерге шабыттандырады. Мен де еліміздің тарихына алтын әріптермен жазылып қалған қос батырымыздың есімін кейінгі ұрпақ ұмытпаса екен деймін, – деді «Халық қаһарманы» Сағадат Нұрмағамбетовтің немересі Айжан Талғатқызы.

Ал ІІМ майоры, түйепауан Тимур Сыпатаев 200-дік шегені жалаң қолымен иіп, жүрекше жасап, спортты сүйетін өрендерге сыйлады. Фестиваль жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Біз сөзге тартқан №42 орта мектептің 4-сынып оқушысы Айқын Бакытжанұлының күрес үйірмесіне барып жүргеніне екі жылдан асыпты. Патриоттық-спорттық фестивалде оның да асығы алшысынан түсіп, жүлделі болды.

ALMATY FOOD FEST

Республика сарайының алдындағы Абай алаңында екі күн бойы сән-салтанат құрған Almaty Food Fest атты «Тәтті де дәмді халық-аралық гастрономиялық фестиваль де мәресіне жетті.

Фестивальде әлемнің сан түрлі асханаларының тағамын ұсынған 50-ге жуық мейрамхана мен 30-дан астам фермерлік және hand-made дүңгіршектері қатысты. Іс-шара қонақтары арасында байқаулар, түрлі ұтыс ойындары өтті. Алматылықтар мен қала меймандары шеберлік дәрістеріне де қатысып, аспаздық шоу мен музыкалық қойылымдарды тамашалады.

Фестивальде шетелдік тағамдардан және әлбетте, қазақтың ұлттық тағамдарынан да дәм таттық. Ал балалар үшін аниматорлар өнер көрсететін арнайы аймақ ұйымдастырылды.

Almaty Food Fest фестивалі биыл үшінші рет өтті. Биылғы фестивалде Шанхай ынтымақтастық ұйымы елдерінің аспаздары арасында ұйымдастырылған қызықты барбекю байқауы іс-шараның тұздығы болған секілді.

«Халықаралық гастрономиялық фестиваль шетелдік қонақтар мен қала тұрғындарына еліміздің тарихын, мәдениетін, дәстүрін және салт-дәстүрін, өмір салтын жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Бұған қоса, фестиваль Алматыны әлемнің гастрономия картасында насихаттауға үлес қосып, ішкі және сыртқы туризмді дамытуға, сондай-ақ елімізге танымал халықаралық мейрамхана рейтингтерінің өкілдерін тартуға септігін тигізеді», – дейді француздық бас аспаз Жером Кустияс.

«ТӘТТІ ДЕ ДӘМДІ» ФЕСТИВАЛЬ

Алматы төрінде биыл үшінші рет өтті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

Алматы қаласының Туризм басқармасы өкілдерінің мәліметіне сүйенсек, Almaty Food Fest – 2024 фестиваліне екі күн ішінде 15 мыңнан астам адам қатысқан.

«Біздің La Tartine дәстүрлі француз нан өнімдерін пісіреді. Тәтті тоқаштарымыз ашытқысыз, ерекше рецептпен дайындалады.

Алматының барлық сауда-ойынсауық орталығында сатылады. Бұл халықаралық фестивальге бірінші рет қатысып тұрмыз. Біздің нан өнімдерінен отандастарымызбен бірге шетелдік меймандар да ауыз тиіп, дәміне тамсанып жатса, қуанамыз», – дейді гастротестивальге ыстық

нан өнімдерін ала келген La Tartine өкілі Әсел Қабашева.

«Тәтті де дәмді» фестивалдің дәстүрге айналып келе жатқаны және Алматыны әлемге танытып жатқаны біз үшін үлкен мәртебе.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

жағымен Мұратбаев көшесіне дейін; Мұратбаев көшесінің тақ санды жағымен Төле би көшесіне дейін; Төле би көшесінің тақ санды жағымен Қожамқұлов көшесіне дейін; Қожамқұлов көшесінің жұп санды жағымен Қазыбек би көшесіне дейін; Қазыбек би көшесінің тақ санды жағымен Жұмалиев көшесіне дейін; Жұмалиев көшесінің жұп санды жағымен Әйтеке би көшесіне дейін.

№90 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Масаншы көшесі, 70, Алматы қаласы білім басқармасының «Б.Атыханұлы атындағы №36 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Сейфуллин даңғылынан Қарасай батыр көшесінің жұп санды жағымен Наурызбай батыр көшесіне дейін; Наурызбай батыр көшесінің тақ санды жағымен Абай даңғылына дейін; Абай даңғылының тақ санды жағымен Сейфуллин даңғылына дейін; Сейфуллин даңғылының жұп жағымен Мәуленов көшесіне дейін; Мауленов көшесінің жұп санды жағымен Шевченко көшесіне дейін; Шевченко көшесінің тақ санды жағымен Сейфуллин даңғылына дейін; Сейфуллин даңғылының жұп санды жағымен Жамбыл көшесіне дейін; Жамбыл көшесінің тақ санды жағымен Масаншы көшесіне дейін; Масаншы көшесінің жұп санды жағымен Қабанбай батыр көшесіне дейін; Қабанбай батыр көшесінің жұп санды жағымен Сейфуллин даңғылына дейін; Сейфуллин даңғылының жұп санды жағымен Қарасай батыр көшесіне дейін; Мәуленов көшесіндегі, №108-а, №110, №112 орналасқан Мұхамеджан Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы жатақханаларын қоспағанда.

№91 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 128, Алматы қаласы білім басқармасының «Лияс Есенберлин атындағы №25 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Наурызбай батыр көшесінен Қарасай батыр көшесінің жұп санды жағымен Абылай хан даңғылына дейін; Абылай хан даңғылының тақ санды жағымен Шевченко көшесіне дейін; Шевченко көшесінің тақ санды жағымен Желтоқсан көшесіне дейін; Желтоқсан көшесінің тақ санды жағымен Құрманғазы көшесіне дейін; Құрманғазы көшесінің тақ санды жағымен Наурызбай көшесіне дейін; Наурызбай батыр көшесінің жұп санды жағымен Қарасай батыр көшесіне дейін.

№92 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Қарасай батыр көшесі, 70, «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша Департаментінің тергеу изоляторы» мемлекеттік мекемесі.

№93 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 74/1, Алматы қаласы білім басқармасының «Сұлтан-Ахмет Ходжиков атындағы №39 мамандандырылған лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Наурызбай батыр көшесінен Қазыбек би көшесінің жұп санды жағымен Абылай хан даңғылына дейін; Абылай хан даңғылының тақ санды жағымен Қарасай батыр көшесіне дейін; Қарасай батыр көшесінің тақ санды жағымен Сейфуллин даңғылына дейін; Сейфуллин даңғылының жұп санды жағымен Төле би көшесіне дейін; Төле би көшесінің жұп санды жағымен Наурызбай батыр көшесіне дейін; Наурызбай батыр көшесінің жұп санды жағымен Қазыбек би көшесіне дейін, Төле би көшесіндегі №73/71 үйді қоса.

№94 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 492, Алматы қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы

«№1 қалалық перзентхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

№95 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Әди Шәріпов көшесі, 53, Алматы қаласы білім басқармасының «№95 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Әди Шәріпов көшесінен Әйтеке би көшесінің жұп санды жағымен Наурызбай батыр көшесіне дейін; Наурызбай батыр көшесінің тақ санды жағымен Төле би көшесіне дейін; Төле би көшесінің тақ санды жағымен Халел Досмұхамедов көшесіне дейін; Халел Досмұхамедов көшесінің жұп санды жағымен Қазыбек би көшесіне дейін; Қазыбек би көшесінің тақ санды жағымен Әди Шәріпов көшесіне дейін; Әди Шәріпов жұп санды жағымен Әйтеке би көшесіне дейін; Төле би көшесіндегі №73/71 үйді қоспағанда.

№96 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 96, Алматы қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

№97 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 93Б, Алматы қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық кардиологиялық орталық» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

№98 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 95 А, «Құрмет Белгісі» орденді Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы.

№99 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 120, «Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы.

№100 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 98/71, Алматы қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық ревматология орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны.

№101 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 124, «Алматы облыстық білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы экономикалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Шекаралары: Байзақов көшесінен Гоголь көшесінің жұп санды жағымен Әди Шәріпов көшесіне дейін; Әди Шәріпов көшесінің тақ санды жағымен Әйтеке би көшесіне дейін; Әйтеке би көшесінің тақ санды жағымен Жұмалиев көшесіне дейін; Жұмалиев көшесінің тақ санды жағымен Қазыбек би көшесіне дейін; Қазыбек би көшесінің тақ санды жағымен Байзақов көшесіне дейін; Байзақов көшесінің жұп санды жағымен Гоголь көшесіне дейін.

№102 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 114, «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

Шекаралары: Әди Шәріпов көшесінен Гоголь көшесінің жұп санды жағымен Сейфуллин даңғылына дейін; Сейфуллин даңғылының тақ санды жағымен Әйтеке би көшесіне дейін; Әйтеке би көшесінің тақ санды

жағымен Әди Шәріпов көшесіне дейін; Әди Шәріпов көшесінің жұп санды жағымен Гоголь көшесіне дейін, Сейфуллин даңғылындағы №511/112 үйді қоспағанда.

№103 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Әди Шәріпов көшесі, 26/27, Алматы қаласы білім басқармасының «Ә.Шәріпов атындағы №16 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Мұратбаев көшесінен Гоголь көшесінің тақ санды жағымен батыс бағытта Есентай өзенінің шығыс жағалауына дейін; Есентай өзенінің шығыс бойымен солтүстік бағытта Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылының жұп санды жағымен солтүстік-шығыс бағытта Мұратбаев көшесіне дейін; Мұратбаев көшесінің тақ санды жағымен оңтүстік бағытта Гоголь көшесіне дейін.

№104 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Әди Шәріпов көшесі, 26/27, Алматы қаласы білім басқармасының «Ә.Шәріпов атындағы №16 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Әди Шәріпов көшесінен Гоголь көшесінің тақ санды жағымен Мұратбаев көшесіне дейін; Мұратбаев көшесінің жұп санды жағымен Мақатаев көшесіне дейін; Мақатаев көшесінің жұп санды жағымен Ахмет Байтұрсынұлы көшесіне дейін; Ахмет Байтұрсынұлы көшесінің тақ санды жағымен Жібек жолы даңғылына дейін; Жібек жолы даңғылының тақ санды жағымен Әди Шәріпов көшесіне дейін; Әди Шәріпов көшесінің тақ санды жағымен Гоголь көшесіне дейін.

№105 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 161, «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

Шекаралары: Ахмет Байтұрсынұлы көшесінен Гоголь көшесінің тақ санды жағымен Әди Шәріпов көшесіне дейін; Әди Шәріпов көшесінің жұп санды жағымен Жібек жолы даңғылына дейін; Жібек жолы даңғылының жұп санды жағымен Ахмет Байтұрсынұлы көшесіне дейін; Ахмет Байтұрсынұлы көшесінің тақ санды жағымен Гоголь көшесіне дейін.

№106 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 133, Алматы қаласы білім басқармасының «№15 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
Шекаралары: Масанчи көшесінен Жібек жолы даңғылымен шығыс бағытта оңтүстік жағы Наурызбай батыр көшесіне дейін; Наурызбай батыр көшесінен оңтүстік бағытта батыс жағы Гоголь көшесіне дейін; Гоголь көшесімен батыс бағытта солтүстік жағы Ахмет Байтұрсынұлы көшесіне дейін; Ахмет Байтұрсынұлы көшесімен солтүстік бағытта шығыс жағы Ахмет Байтұрсынұлы көшесіндегі №4 үйге дейін; Ахмет Байтұрсынұлы көшесіндегі №4 үйден шығыс бағытта оңтүстік жағы Масаншы бойындағы №5 үйге дейін; одан әрі Масаншы көшесімен оңтүстік бағытта батыс жағы Жібек жолы даңғылына дейін.

№107 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 139/15, «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5571 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі.

№108 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 133, Алматы қаласы білім басқармасының «№15 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
Шекаралары: Ахмет Байтұрсынұлы көшесінен Мақатаев көшесімен шығыс бағытта оңтүстік жағы Чайковский көшесіне дейін; Чайковский көшесімен оңтүстік бағытта батыс жағы Жібек жолы даңғылына дейін; Жібек жолы даңғылымен батыс бағытта солтүстік жағы Масанчи көшесіне дейін; солтүстік бағыттағы шығыс жағы Масаншы көшесіндегі №3 үйден батыс бағытта солтүстік жағы Ахмет Байтұрсынұлы көшесіндегі №2 үйге дейін; Ахмет Байтұрсынұлы көшесімен солтүстік бағытта шығыс жағы Мақатаев көшесіне дейін.

№109 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 174, Алматы қаласы білім басқармасының «Алматы сән және қызмет көрсету саласы колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Шекаралары: Райымбек даңғылынан Кашгарская көшесімен оңтүстік бағытта Мақатаев көшесіне дейін; Мақатаев көшесімен батыс бағытта №127/11, №131 корпус 8, 131 Корпус 7, 131 Корпус 6, 131 Корпус 5, 131 корпус 4, 131 Корпус 3, 131 корпус 2, 131 корпус 1 үйлерді қоспағанда Мұратбаев көшесіне дейін; Мұратбаев көшесімен солтүстік бағытта Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылымен шығыс бағытта Кашгарская көшесіне дейін.

№110 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 76, Алматы қаласы білім басқармасының «Мәжит Бегалин атындағы №120 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Желтоқсан көшесінен Шевченко көшесінің жұп санды жағымен Абылай хан даңғылына дейін; Абылай хан даңғылының тақ санды жағымен Құрманғазы көшесіне дейін; Құрманғазы көшесінің жұп санды жағымен Нұрсұлтан Назарбаев даңғылына дейін; Нұрсұлтан Назарбаев даңғылының тақ санды жағымен Абай даңғылына дейін; Абай даңғылының тақ санды жағымен Наурызбай батыр көшесіне дейін; Наурызбай батыр көшесінің жұп санды жағымен Құрманғазы көшесіне дейін; Құрманғазы көшесінің жұп санды жағымен Желтоқсан көшесіне дейін; Желтоқсан көшесінің жұп санды жағымен Шевченко көшесіне дейін.

№111 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Панфилов көшесі, 127, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемекеттік мекемесі.

Шекаралары: Абылай хан даңғылынан Қазыбек би көшесінің жұп санды жағымен Нұрсұлтан Назарбаев даңғылына дейін; Нұрсұлтан Назарбаев даңғылының тақ санды жағымен Құрманғазы көшесіне дейін; Құрманғазы көшесінің тақ санды жағымен Абылай хан даңғылына дейін; Абылай хан даңғылының жұп санды жағымен Қазыбек би көшесіне дейін.

№112 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Панфилов көшесі, 139, «Орталық клиникалық ауруханасы» акционерлік қоғамы.

№113 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 74/1, Алматы қаласы білім басқармасының «Сұлтан-Ахмет Ходжиков атындағы №39 мамандандырылған лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Сейфуллин даңғылынан Гоголь көшесінің жұп санды жағымен Нұрсұлтан Назарбаев даңғылына дейін; Нұрсұлтан Назарбаев даңғылының тақ санды жағымен Қазыбек би көшесіне дейін; Қазыбек би көшесінің тақ санды жағымен Наурызбай батыр көшесіне дейін; Наурызбай батыр көшесінің жұп санды жағымен Әйтеке би көшесіне дейін; Әйтеке би көшесінің тақ санды жағымен Сейфуллин даңғылына дейін; Сейфуллин даңғылының жұп санды жағымен Гоголь көшесіне дейін, Сейфуллин даңғылындағы №511/112 үйді қоса.

№114 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Панфилов көшесі, 68/73, Алматы қаласы білім басқармасының «И.В.Панфилов атындағы №54 Қазақстан–Ресей мамандандырылған мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
Шекаралары: Нұрсұлтан Назарбаев даңғылынан Гоголь көшесінің тақ

РЕСМИ БӨЛІМ



almaty-aksham@mail.ru

санды жағымен батыс бағытта Наурызбай батыр көшесіне дейін; Наурызбай батыр көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Жібек жолы даңғылына дейін; Жібек жолы даңғылының жұп санды жағымен шығыс бағытта Чайковский көшесіне дейін; Чайковский көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Мақатаев көшесіне дейін; Мақатаев көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта Абылай хан даңғылына дейін; Абылай хан даңғылының тақ санды жағымен оңтүстік бағытта Әлімжанов көшесіне дейін; Әлімжанов көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта Әлімжанов көшесіндегі №61 үйді және Мақатаев көшесіндегі №82 үйді қоса алғанда Нұрсұлтан Назарбаев даңғылына дейін; Нұрсұлтан Назарбаев даңғылының тақ санды жағы бойынша оңтүстік бағытта Гоголь көшесіне дейін.

№115 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Чайковский көшесі, 7, Алматы қаласы білім басқармасының «Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Шекаралары: Райымбек даңғылынан Сейфуллин даңғылымен оңтүстік бағытта батыс жағы Мақатаев көшесіне дейін; Мақатаев көшесімен батыс бағытта солтүстік жағы Кашгарская көшесіне дейін; Кашгарская көшесімен солтүстік бағытта Мақатаев көшесіндегі №№127/11, 131 Корпус 8, 131 корпус 7, 131 Корпус 6, 131 Корпус 5, 131 Корпус 4, 131 Корпус 3, 131 корпус 2, 131 Корпус 1 үйлерді қоса алғанда Райымбек даңғылына дейін; одан әрі Райымбек даңғылымен шығыс бағытта Сейфуллин даңғылына дейін

№116 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Төреқұлов көшесі, 73, Алматы қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық адам ұрпағын өрбіту орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

№118 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Чайковский көшесі, 28, Алматы қаласы білім басқармасының «№90 мамандандырылған мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Сейфуллин даңғылынан Райымбек даңғылымен шығыс бағытта оңтүстік жағы Чайковский көшесіне дейін; Чайковский көшесімен оңтүстік бағытта батыс жағы Мәметова көшесіне дейін; Мәметова көшесімен шығыс бағытта оңтүстік жағы Абылай хан даңғылына дейін; Абылай хан даңғылымен оңтүстік бағытта батыс жағы Мақатаев көшесіне дейін; Мақатаев көшесімен батыс бағытта солтүстік жағы Сейфуллин даңғылына дейін; Сейфуллин даңғылымен солтүстік бағытта шығыс жағы Райымбек даңғылына дейін.

№119 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 62, «А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» акционерлік қоғамы.

№120 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 58 А, «Институт «КазНИПИЭнергопром» акционерлік қоғамы.

Шекаралары: Нұрсұлтан Назарбаев даңғылынан Әлімжанов көшесінің тақ санды жағымен батыс бағытта Әлімжанов көшесіндегі №61 үйді және Мақатаев көшесіндегі №82 үйді қоспағанда Абылай хан даңғылына дейін; Абылай хан даңғылының жұп санды жағымен солтүстік бағытта Мәметова көшесіне дейін; Мәметова көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта Нұрсұлтан Назарбаев даңғылына дейін; Нұрсұлтан Назарбаев даңғылының тақ санды жағымен оңтүстік бағытта Әлімжанов көшесіне дейін.

№121 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Чайковский көшесі, 28, Алматы қаласы білім басқармасының «№90 мамандандырылған мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Абылай хан даңғылынан Мәметова көшесінің тақ санды жағымен Чайковский көшесіне дейін; Чайковский көшесінің жұп санды жағымен Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылының жұп санды жағымен Абылай хан даңғылына дейін; Абылай хан даңғылының тақ санды жағымен Мәметова көшесіне дейін.

№122 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы Абылай хан даңғылы, 20, Алматы қаласы білім басқармасының «№147 гиназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Нұрсұлтан Назарбаев даңғылынан Мәметова көшесінің тақ санды жағымен Абылай хан даңғылына дейін; Абылай хан даңғылының жұп санды жағымен Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылының жұп санды жағымен Нұрсұлтан Назарбаев даңғылына дейін; Нұрсұлтан Назарбаев даңғылының тақ санды жағымен Мәметова көшесіне дейін.

№630 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Масаншы көшесі, 57 А, Алматы қаласы Полиция департаментінің уақытша ұстау изоляторы.

ШЕШІМ

Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің 2024 жылғы 21 тамыздағы №2 шешімі.

Әділет департаментінде 22.08.2024 жылғы №1780-02 болып тіркелген.

